



ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ

ТЕОРИЯ И МЕТОДИКА ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

№1 (55)2019



■ В этом номере:

- ПОДГОТОВКА СПЕЦИАЛИСТОВ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ, СПОРТА И ТУРИЗМА
- ФИЗИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ НАСЕЛЕНИЯ
- ТЕОРИЯ И МЕТОДИКА СПОРТИВНОЙ ТРЕНИРОВКИ
- ТЕОРИЯ И МЕТОДИКА АКТИВНЫХ ВИДОВ ТУРИЗМА

ISSN 2306-5540



9 772306 554198



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ

03.02.2010 ж. № 0137383 мемлекеттік лицензия

6B014 - «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау», 6B111 - «Қызмет көрсету саласы» білім беру бағдарламалары бойынша ҚР ЖОО-ның Ұлттық рейтингінде жетекші орын алады.

ҚҰРМЕТТІ ТАЛАПҚЕРЛЕР!

Егер сіз дене шынықтыру мен спорт, туризм, мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі саласында сапалы білім алып, кәсіби жетістікке жеткізіңіз келсе, Университеттер спортының халықаралық федерациясы (FISU) 2015 жылы «Әлемнің үздік университеті» деп таныған Қазақ спорт және туризм академиясына түсіңіз!

ҚазСТА колледж - бакалавриат - магистратура - PhD докторантура бойынша үздіксіз білім беруді жүзеге асырады. Біздің академияда спорт және туризм саласындағы жоғары білікті профессор-оқытушылар құрамы, тәжірибелі педагог-жаттықтырушылар, белгілі ғалым-зерттеушілер қызмет етеді. Академия 32 елдің серіктес жоғары оқу орындарымен 58 халықаралық келісімшарт жасаған.

ҚазСТА студенттерінің әскери кафедрада «Дене даярлығы мен спортты ұйымдастыру» білім беру бағдарламасы (мамандығы) бойынша оқи жүріп, жұмысқа тұру аумағын кеңейте тусу мүмкіндігі бар.

Біздің нысандарымыз: ойын залдары, бокс, күрес, гимнастика, ауыр атлетика және фитнес залдары, жүзу хауызы, футбол алаңдары, жартасқа өрмелеу алаңқайы, қонақүй, Талғар ауданындағы тау шаңғысы базасы, Қапшағайдағы су спорттық базасы ҚазСТА-ның болашақ студенттеріне есігін айқара ашады.

Бакалавриат:

Шығармашылық емтиханға қабылдау 20.06 - 07.07

6B014 - «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасы (мамандығы).

Оқыту жаңа білім беру траекториялары бойынша жүргізіледі:

1. Дене шынықтыру және жоғары жетістіктер спорты.
2. Дене шынықтыру және спорттық психология.
3. Дене шынықтыру, Денсаулық менеджменті.
4. Дене шынықтыру. Күзет қызметі.
5. Дене шынықтыру. Спорттық менеджмент.
6. Дене шынықтыру және спорттық журналистика.

Олимпиадалық спорт факультеті (ОСФ)

Тел. +7 (727) 292-24-21

Мамандандыру: баскетбол, үлкен теннис, волейбол, гандбол, регби, футбол, хоккей, биатлон, велоспорт, бильярд, семсерлесу, сырғымен жүгіру спорты, шаңғы спорты, мәнерлеп сырғанау, ату спорты, жеңіл атлетика, ЕДШ және массаж, жүзу, спорттық және көркем гимнастика, спорттық акробатика, фитнес сияқты спорт түрлері бойынша жүзеге асырылады.

Кәсіби спорт және жекпе-жектер факультеті (КСЖЖЖФ)

Тел. +7 (727) 292-78-29

Мамандандыру: қазақ күресі, тоғызқұмалақ, бүркітші, ат спорты, айкидо, кикбоксинг, каратэ, спорттық ұшу, таэквондо, еркін күрес, грек-рим күресі, дзюдо, самбо, бокс, ауыр атлетика, коян-қолтықұрыс, армрестлинг (қолкүресі), пауэрлифтинг, тай боксы сияқты спорт түрлері бойынша жүзеге асырылады.

6B111 - «Қызмет көрсету саласы» білім беру бағдарламасы (мамандығы).

Оқыту жаңа білім беру траекториялары бойынша жүргізіледі:

1. Халықаралық туризм: туризм және бизнес индустриясы.
2. Спорттық және емдеу-сауықтыру туризмі.

Қабылдау шарттары:

6B014 - «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасына (мамандығына) оқуға түсу үшін тапсыру қажет: Қазақстан тарихы және оқу сауаттылығы. ҚазСТА негізінде бейінді пәндердің орнына 2 шығармашылық емтихан тапсырады: жалпы дене даярлығы (ЖДД) және мамандандыру (таңдалпапалан спорт түрі бойынша).

6B111 - «Қызмет көрсету саласы» білім беру бағдарламаларына (мамандықтарына) оқуға түсу кезінде бірінші міндетті блок – Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық пен оқу сауаттылығы және екінші блок – бейінді пәндер: география мен шет тілін тапсырады.

Қысқартылған оқу түрі бойынша оқуға түсетін колледж бітірушілері тапсырады:

6B014 - «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасына (мамандығына) – жалпы бейінді (педагогика және психология негіздері) және бейінді пәнді (шығармашылық емтихан).

6B014 - «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасына (мамандығына) қабылдау ҰБТ және шығармашылық емтихан (ДШЖС) нәтижелері бойынша жүргізіледі.

6B111 - «Қызмет көрсету саласы» білім беру бағдарламасына (мамандығына) – жалпы бейінді пәндерді (география және ағылшын тілі) және бейінді пәнді (туристік қызметті ұйымдастыру) тапсырады.

6B111 - «Қызмет көрсету саласы» білім беру бағдарламасына (мамандығына) – жалпы бейінді пәндер (Қазақстан тарихы) және бейінді пән (мейрамхана және мейманхана шаруашылықтарында қызмет көрсетуді ұйымдастыру).

6B111 - «Қызмет көрсету саласы» білім беру бағдарламаларына (мамандықтарына) қабылдау ҰБТ нәтижелері бойынша жүргізіледі.

Қабылдау комиссиясына ұсынылатын құжаттар тізімі:

1. Білімі туралы құжат (түпнұсқа).
2. ҰБТ сертификаты.
3. Медициналық анықтамa (форма 086-У).
4. Флюорография (суреттің түпнұсқасы).
5. Жеке нұалік көшірмесі - 6 дана.
6. Фотосурет 3x4 - 8 дана.
7. Соңғы 3 жылдағы халықаралық және республикалық жарыстар дипломдары.

Мекен жайымыз: 050022, Алматы қ., Абай даң., 85, тел. +7 (727) 292-38-21 e-mail: priem.kazast@mail.ru, сайт: www.kazast.kz

Условия приема:

Для поступления на образовательную программу (специальность) **6B014** - «Подготовка учителей с предметной специализацией общего развития» необходимо сдать историю Казахстана и грамотность чтения. На базе КазАСТ вместе профильных предметов проводятся 2 творческих экзамена - общая физическая подготовка (ОФП) и специализация (избранный вид спорта).

При поступлении на образовательные программы (специальности) **6B111** - «Сфера обслуживания» сдают первый блок: история Казахстана, математическая грамотность и грамотность чтения; второй блок: профильные предметы - география и иностранный язык.

В выпускники колледжей, поступающие по сокращенной форме обучения, сдают:

На образовательную программу (специальность) **6B014** - «Подготовка учителей с предметной специализацией общего развития» - общепрофильную дисциплину (основы педагогики и психологии) и профилирующую дисциплину (творческий экзамен).

На образовательную программу (специальность) **6B014** - «Подготовка учителей с предметной специализацией общего развития» зачисление проводится по результатам ЕНТ и творческих экзаменов (ФКИС).

На образовательную программу (специальность) **6B111** - «Сфера обслуживания» - общепрофильные дисциплины (география и английский язык) и профилирующую дисциплину (организация туристской деятельности).

На образовательную программу (специальность) **6B111** - «Сфера обслуживания» - общепрофильные дисциплины (история Казахстана) и профилирующую дисциплину (организация обслуживания в ресторанах и гостиничных хозяйствах).

На образовательные программы (специальности) **6B111** - «Сфера обслуживания» зачисление проводится по результатам ЕНТ.

Список необходимых документов, для поступления в КазАСТ:

1. Документ об образовании (подлинник).
2. Сертификат ЕНТ.
3. Медицинская справка (форма 086-У).
4. Флюорография (оригинал снимка).
5. Копии удостоверения личности - 6 шт.
6. Фотографии 3x4 - 8 шт.
7. Дипломы международных и республиканских соревнований за последние 3 года.

Наш адрес: 050022, г. Алматы, пр. Абая, 85, тел. +7 (727) 292-38-21, e-mail: priem.kazast@mail.ru, сайт: www.kazast.kz

КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА

Государственная лицензия № 0137383 от 03.02.2010 г. занимает ведущее место в Национальном рейтинге вузов РК по образовательным программам: 6B014- «Подготовка учителей с предметной специализацией общего развития», 6B111- «Сфера обслуживания».



УВАЖАЕМЫЕ АБИТУРИЕНТЫ!

Если вы хотите получить качественное образование и добиться профессионального успеха в сфере физической культуры, спорта, туризма, ресторанного дела и гостиничного бизнеса, поступайте в Казахскую академию спорта и туризма, которая в 2015 году признана Международной федерацией университетского спорта (FISU) как «Лучший университет мира».

КазАСТ осуществляет непрерывное образование: колледж - бакалавриат - магистратура - докторантура PhD. У нас работают высококвалифицированный профессорско-преподавательский состав, опытные педагоги-тренеры, известные ученые-исследователи в области спорта и туризма. При академии действуют научно-исследовательские институты по спорту и по туризму. Академией заключено 58 международных договоров о сотрудничестве с вузами-партнерами из 32 стран мира.

Студенты КазАСТ имеют уникальную возможность расширить границы трудоустройства, обучаясь по специальности «Организация физической подготовки и спорта» на военной кафедре.

Наши спортивные сооружения - залы спортивных игр, бокса, борьбы, гимнастики, тяжелой атлетики и фитнеса, плавательный бассейн, футбольные поля, скалодром, горнолыжная база в Талгарском районе, водно-спортивная база на Капчагае - широко распахнули свои двери для студентов КазАСТ.

Бакалавриат:

Прием заявлений на творческий экзамен с 20.06 по 07.07

Образовательная программа (специальность) **6B014** - «Подготовка учителей с предметной специализацией общего развития»

Обучение ведется по новым образовательным траекториям:

1. Физическая культура и спорт высших достижений.
2. Физическая культура и спортивная психология.
3. Физическая культура. Менеджмент здоровья.
4. Физическая культура. Охранная деятельность.
5. Физическая культура. Спортивный менеджмент.
6. Физическая культура и спортивная журналистика.

Факультет олимпийского спорта (ФОС)

Тел. +7 (727) 292-24-21

Специализации: баскетбол, большой теннис, волейбол, гандбол, регби, футбол, хоккей, биатлон, велоспорт, бильярд, фехтование, конькобежный спорт, лыжный спорт, фигурное катание, стрелковый спорт, легкая атлетика, ЛФК и массаж, плавание, спортивная и художественная гимнастика, спортивная акробатика, фитнес.

Факультет профессионального спорта и единоборств (ФПСИЕ) Тел. +7 (727) 292-78-29

Специализации: қазақкүресі, тоғызқұмалақ, бүркітші, конный спорт, айкидо, кикбоксинг, каратэ, спортивное ушу, таэквондо, вольная борьба, греко-римская борьба, дзюдо, самбо, бокс, тяжелая атлетика, рукопашный бой, армрестлинг, пауэрлифтинг, тайский бокс.

Образовательная программа (специальность): **6B111** - «Сфера обслуживания».

Обучение ведется по новым образовательным траекториям:

1. Международный туризм: индустрия туризма и бизнеса.
2. Спортивный и лечебно-оздоровительный туризм.

Образовательная программа (специальность) **6B111** - «Сфера обслуживания».

КазАСТ предоставляет возможность молодым и талантливым, желающим связать дальнейшую жизнь с индустрией туризма, открыть собственный ресторан или гостиницу.

Студенты факультета туризма имеют возможность прохождения международной практики в дальнем и ближнем зарубежье, в ресторанах и гостиницах г. Алматы.

Факультет туризма (ФТ)

Тел. +7 (727) 292-14-81

Магистратура: +7 (727) 292-30-07

Послевузовское образование в КазАСТ направлено на подготовку кадров с присуждением степени «магистр» по образовательным программам (специальностям) **7M014** - «Подготовка учителей с предметной специализацией общего развития» и **7M111** - «Сфера обслуживания» по двум направлениям подготовки: профильному; научно-педагогическому.

Профильная магистратура реализовывает образовательные траектории по подготовке управленческих кадров для отраслей образования, сферы услуг, обладающих углубленной профессиональной подготовкой. В рамках образовательной программы (специальности) «Физическая культура и спорт» Подготовка учителей с предметной специализацией общего развития открыта «Высшая школа тренеров».

Срок обучения - 1 год.

Научно-педагогическое направление магистратуры реализовывает образовательные программы послевузовского образования по подготовке научных и педагогических кадров для системы высшего, послевузовского образования и научной сферы, обладающих углубленной научно-педагогической подготовкой.

Срок обучения - 2 года.

Докторантура PhD: +7 (727) 292-30-07

Послевузовское образование направлено на подготовку кадров с присуждением степени доктора философии (PhD) по образовательным программам (специальностям) **8D014** - «Подготовка учителей с предметной специализацией общего развития» и **8D111** - «Сфера обслуживания».

Срок обучения - 3 года.

На образовательные программы (специальности) магистратуры **7M014** - «Подготовка учителей с предметной специализацией общего развития», **7M111** - «Сфера обслуживания», необходимо сдать вступительный экзамен по иностранному языку и комплексный экзамен по специальности, который проводит Национальный центр тестирования Министерства образования и науки РК. Прием заявлений проводится с 03 по 25 июля, вступительные экзамены проводятся с 8 по 16 августа.

На образовательные программы докторантуры **8D014** - «Подготовка учителей с предметной специализацией общего развития», **8D111** - «Сфера обслуживания» необходимо предоставить оригинал международного сертификата, подтверждающие владение иностранным языком в соответствии с общеевропейскими компетенциями (стандартами) владения иностранным языком.

Ғылыми-теориялық журнал
Научно-теоретический журнал



ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ

ТЕОРИЯ И МЕТОДИКА ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

№1 (55) 2019

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ
ТЕОРИЯ И МЕТОДИКА ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ ЖУРНАЛ | №1 (55) 2019
НАУЧНО-ТЕОРЕТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ | Издается с января 2000 года

*Журнал поставлен на учет в Министерстве культуры, информации Республики Казахстан.
Свидетельство №13039-Ж от 20.09.2012 года (первичная постановка на учет – №969-Ж от 14 мая 1999 года).*

Главный редактор

Закирьянов Кайрат Кайруллинович – доктор педагогических наук, профессор, Президент Казахской академии спорта и туризма (Казахстан)

Зам. главного редактора

Авсиевич Виталий Николаевич – доктор PhD, Казахская академия спорта и туризма (Казахстан)

Редакционный совет

Андрущишин Иосиф Францевич – доктор педагогических наук, профессор, Казахская академия спорта и туризма (Казахстан)

Бабушкин Геннадий Дмитриевич – доктор педагогических наук, профессор, Сибирский государственный университет физической культуры и спорта (Россия)

Бектурганов Омиржан Ержанович – доктор педагогических наук, профессор, Казахская академия спорта и туризма (Казахстан)

Beech John – доктор PhD, профессор, Университет Ковентри (Великобритания)

Доскараев Бауржан Мелдибекович – доктор педагогических наук, профессор, Казахский инженерно-педагогический университет (Казахстан)

Макогонов Александр Николаевич – доктор педагогических наук, профессор, Казахская академия спорта и туризма (Казахстан)

Платонов Владимир Николаевич – доктор педагогических наук, профессор, Национальный университет физического воспитания и спорта Украины (Украина)

Кулбаев Айбол Тиналович – доктор PhD, Казахская академия спорта и туризма (Казахстан)

Chadwick Simon – доктор PhD, профессор, Университет Ковентри (Великобритания)

Richard Sharpley – доктор PhD, – профессор, Университет Центрального Ланкастера (Великобритания)

Усин Жанат Амангельдинович – доктор педагогических наук, профессор, Павлодарский государственный педагогический институт (Казахстан)

Хаустов Станислав Иванович – доктор педагогических наук, профессор, Казахская академия спорта и туризма (Казахстан)

Ханкельдиев Шер Хакимович – доктор педагогических наук, профессор, Ферганский физкультурный институт (Узбекистан)

Ulrich Hartmann – Professor of the Leipzig University (Germany)

Учредитель и собственник:

**КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ
СПОРТА И ТУРИЗМА**

Адрес редакции:

г. Алматы, пр. Абая, 85/105
Телефон: 292-30-07

При перепечатке ссылка на журнал «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. Теория и методика физической культуры» обязательна. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются.

Дизайнер

Марат Манарбекович Тынышкалиев
**Компьютерде беттеген және
мұқабасын безендірген**
Айша Қалшева

ИБ №12680

Подписано в печать 28.03.2019.
Формат 60x84 1/8. Бумага офсетная.
Печать цифровая. Объем 8,0 п.л.
Тираж 500 экз. Заказ №1691.
Издательский дом «Қазақ университеті»
Казахского национального университета
им. аль-Фараби.
050040, г. Алматы, пр. аль-Фараби, 71. КазНУ.

Отпечатано в типографии издательского дома
«Қазақ университеті».

Приказом Комитета по контролю в сфере образования и науки МОН РК № 284 от 24.02.2017 г. научно-теоретический журнал академии «Теория и методика физической культуры» включен в список изданий для публикаций основных научных результатов диссертаций. Журнал индексируется в РИНЦ, ИМПАКГ, ФАКТОР, КАЗБЦ – 0,173

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

ПОДГОТОВКА СПЕЦИАЛИСТОВ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ, СПОРТА И ТУРИЗМА

<i>Тұралбаева А.Т., Маршалхан А.</i> «Спорттық дарындылық» ұғымының теориялық аспектілері.....	6
<i>Жанғанатова К.Н., Ескалиев М.З.</i> Дене тәрбиесі мен спорт саласындағы мамандарды дайындайтын Орта Азия мен Қазақстандағы тұңғыш жоғары оқу орнына – 75 жыл (1944-2019 жж.)	11
<i>Berekbussunova G.M.</i> Modern problems of professional orientation and professional selection of future teachers to enroll in educational institutions of the Republic of Kazakhstan	18
<i>Белегова А.А., Сайлинова Қ.Қ.</i> Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексия түрлерінің психологиялық-педагогикалық еңбектердегі жіктемесі	23
<i>Рыскалиев С.Н., Андрущшин И.Ф., Дошыбеков А.Б.</i> Болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігінің сипаттамасы.....	28
<i>Сыдықов Н., Құлбаев А.Т.</i> Дене шынықтыру және спорттық менеджмент негіздері	33

ФИЗИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ НАСЕЛЕНИЯ

<i>Дошыбеков А.Б., Уанбаев Е.Қ., Ескалиев М.З., Джамбырбаев Б.О.</i> Дене шынықтыру-сауықтыру саласындағы маркетинг-мамандардың релевантты моделі сипаттамалары.....	38
<i>Жунусбеков Ж.И., Габдуллин А.Б., Кудериев Ж.К., Джамалов Д.Д., Ботағариев Т.А.</i> Повышение эффективности физического воспитания в высших учебных заведениях у студентов, имеющих отклонения в состоянии здоровья.....	43
<i>Жетимеков Е.Т., Кубиева С.С., Ботағариев Т.А., Жунусбеков Ж.И.</i> Основные направления деятельности кафедры физического воспитания медицинского вуза и пути повышения эффективности их реализации	47
<i>Отаралы С.Ж., Жуманова А.С., Онгарбаева Д.Т., Сабырбек Ж.Б., Аликей А.</i> Динамика показателей физической подготовленности студентов-юношей основного учебного отделения.	54

ТЕОРИЯ И МЕТОДИКА СПОРТИВНОЙ ТРЕНИРОВКИ

<i>Доскараев Д.Б., Алтынбек Е.Т., Доскараев Б.М., Бекембетова Р.А.</i> Роль тренера и основные положения планирования подготовки юных теннисистов.	61
<i>Доскараев Д.Б., Алтынбек Е.Т., Доскараев Б.М.</i> Қазақстандағы теннис және ойынды дамытудың құрылымы мен тенденциялары.....	71
<i>Макогонов А.Н., Макогонова Т.А., Шалабаева Л.И. Федоров А.И.</i> Оптимальная высота для горной подготовки и ее зависимость от географического расположения горного региона.	78

<i>Болдырев Б.Н., Санауов Ж.А.</i> Методология использования структурно-стилевых и квалификационных особенностей каратэ-до при подготовке единоборцев.	83
<i>Шепетюк Н.М., Конакбаев Б.М., Шепетюк М.Н., Кубашева Н.Д., Джамбырбаев Б.О.</i> Контроль подготовленности спортсменов в различных видах борьбы.....	88
<i>Шепетюк М.Н., Альмуханбетова Г.Н., Қусакбаева Б.А., Имангалиева М.М., Кашкын Ж.С.</i> К вопросу оценки специальной выносливости дзюдоисток, используя результаты регистрации технических действий.	94
<i>Галиева Г.Б., Маусумбаева А.М., Озенбаев М.Р., Кильбаев К.К., Токкулинова Г.К.</i> Физиологические реакции тренированного организма на стандартные нагрузки.....	100
<i>Сейсенбеков Е.К., Тастанов Ә.Ж., Сақаева Л.Б., Әшімханов Ғ.Р., Телахынов Е.Б.</i> Спорттық күрестегі арнайы күш дайындығының рөлі.	105
<i>Испамбетова Г.А., Алимханов Е.А., Еланцев А.Б., Маутенбаев А.А., Сабырбекова Л.А.</i> Инклюзивті білім алушы мүмкіндігі шектеулі студенттердің дене және функционалды дайындықтарының салыстырмалы талдауы.	110
ТЕОРИЯ И МЕТОДИКА АКТИВНЫХ ВИДОВ ТУРИЗМА	
<i>Иргебаев М.И., Макогонов А.Н., Қарлыбаев М.С., Закирьянов Б.Қ., Омаров Қ.М.</i> Туристердің физикалық дайындық деңгейіне байланысты таулы жорықта жүктемеге бейімделу ерекшеліктері.	120
Сведения об авторах	126

ПОДГОТОВКА СПЕЦИАЛИСТОВ
ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ,
СПОРТА И ТУРИЗМА



FTAMP 77.01.01

¹Туралбаева А.Т., ²Маршалхан А.

¹«Өрлеу» Біліктілікті Артыру Ұлттық Орталығы» АҚ филиалы Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты, Алматы қ., Қазақстан

²С. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Алматы қ., Қазақстан

«СПОРТТЫҚ ДАРЫНДЫЛЫҚ» ҰҒЫМЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Туралбаева Алмаш Тұрғанбайқызы, Маршалхан Аян

«Спорттық дарындылық» ұғымының теориялық аспектілері

Аңдатпа. Мақалада студент жастарды салауатты өмір салтына баулуда спорттық дарындылық мәселесінің маңызы түсіндіріледі. Спорттық дарындылық ұғымының теориялық тұстары талданып, құрылымы айқындалды. Спорттық дарындылық жайлы философиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерге талдау жасау барысында спорттық дарындылық ұғымы нақтыланды. Мәселен, Ежелгі Греция, Рим мемлекеттерінде жан-жақты адам болу үшін, алдымен спорт қалыптасқан, поэзия, музыка, шешендік өнер т.б. игеру арқылы үйлесімді адам тәрбиелеу міндеті қойылды. Бұл кезеңдегі еңбек қажеттілігімен туындаған спорт толығымен даму сипатында болғандығын алға тартамыз. Қазірде ғылымдағы біздің зерттеу мәселеміз бойынша мөлiметтерге ешқандай күдікпен қарауға болмайды, өйткені дарындылық көптеген факторлардың өзара қатынасы; танымдық және тәжірибелік үрдістердің қорытындысына байланысты. Атап айтқанда, спорттағы табиғи талабы, әлеуметтік жағдайы, студенттің жеке қасиеті. Дарындылықтың дамуы көбіне жоғары дәрежедегі мақсаттылық арқылы іс-әрекеттік ықпал жасағанда ғана жүзеге асады. Біз, спорттық дарындылыққа – дене қозғалыстары іс-әрекеттерінде саналы белсенділік пен қимыл-қозғалыс жолында берілген талаптан тыс жоғары нәтиженің көрінісі және белгілі бір спорт түріне деген жоғары қабілеттілік» деп анықтама бердік. Сондықтан рухани-адамгершілік негізінде дене тәрбиесін сабақтастықта ұстап, салауатты өмір сүру дағдылары арқылы спорттық дарындылықты дамытуға болады.

Түйін сөздер: спорттық дарындылық, дарындылық, қабілеттілік, генетика, саналы белсенділік.

Turalbayeva Almash, Marshalkhan Ayan

Theoretical aspects of the concept of «sports talent»

Abstract. The article reveals the importance of the problem of sports talent in the introduction of students to a healthy lifestyle. The theoretical aspects of the concept of sports giftedness were analyzed and the structure was determined. During the analysis of philosophical, psychological, pedagogical literature about sports giftedness the concept of sports giftedness was clarified. For example, in order to be gifted in Ancient Greece, Rome, first of all, formed sports, poetry, music, oratory. Through development the task of education of the harmonious person is set. We believe that during this period the sport caused by labour needs was of a fully developing nature. To date, we can not doubt the information on our research in science, as giftedness depends on the relationship of many factors; the results of cognitive and practical processes. In particular, the natural requirement in sports, social status, personal qualities of the student. The development of giftedness is largely carried out only under active influence with a high degree of expediency. We have determined that sports talent is a manifestation of high results in excess of the requirements for movement and conscious activity in the activity of physical movements, and a high ability to a certain sport". Therefore, on a spiritual and moral basis, it is possible to maintain physical education in succession, to develop sports giftedness through the skills of a healthy lifestyle.

Key words: sports giftedness, giftedness, ability, genetics, conscious activity.

Туралбаева Алмаш Тұрғанбайқызы, Маршалхан Аян

Теоретические аспекты понятия «спортивная одаренность»

Аннотация. В статье раскрывается значение проблемы спортивной одаренности в приобщении студенческой молодежи к здоровому образу жизни. Были проанализированы теоретические аспекты понятия спортивной одаренности и определена структура. В ходе анализа философской, психологической, педагогической литературы было уточнено понятие спортивной одаренности. Например, для того, чтобы быть одаренным в Древней Греции, Риме, в первую очередь, были сформированы спорт, поэзия, музыка, ораторское искусство. Через освоение поставлена задача воспитания гармоничного человека. Мы считаем, что в этот период спорт, вызванный трудовыми потребностями, носил полностью развивающийся характер. Без сомнения, одаренность зависит от многих факторов; результатов познавательных и практических процессов.

В частности, естественные требования в спорте – социальное положение, личностные качества студента. Развитие одаренности во многом осуществляется только при деятельном влиянии с высокой степенью целесообразности. Мы дали определение, что спортивная одаренность – проявление высокого результата сверх требований, предъявляемых к движению и сознательной активности в деятельности физических движений, и высокая способность к определенному виду спорта». Поэтому на духовно-нравственной основе можно поддерживать в преемственности физическое воспитание, развивать спортивную одаренность через навыки здорового образа жизни.

Ключевые слова: спортивная одаренность, одаренность, способность, генетика, сознательная активность.

. Еліміздің әлемдік өркениетке, демократиялық дәстүрге өту жағдайында адамзат қоғамының ғасырлар бойы жинақтаған жалпы құндылықтар мұрасына ден қоюы, рухани-адамгершілік негізінде дене тәрбиесін сабақтастықта дамытып, салауатты өмір сүру дағдылары арқылы дене мәдениетін қалыптастырудың өзектілігі артуда. Бұл ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» бағдарламасында, ҚР «Білім туралы» Заңында, Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім беру жүйесінің басты міндеттері ретінде беріліп отыр.

Дарындылықты дамыту жайлы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 3-бап, 6-тармағында «Жеке адамның білімдарлығын ынталандыру және дарындылығын дамыту», – деп көрсетілген. Бұл білім беру мекемелері мен оның басқа да субъектілері үшін бағдарламалық идея болып табылады [1].

Спортқа деген қабілеттілікті ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастыра зерттеу – бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының міндеттерінің бірі. Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрініні айқындалады. Оның үстіне қоғамдағы салауаттылық, дене мәдениеті мен рухани құндылықтардың табиғаты, мәні, шығу тегі және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеу, студенттердің бойындағы спорттық дарындылықты дамыту қажеттігін алға шығарады.

Реформалау және халықаралық байланыс елімізде білім беру жүйесіне үлкен өзгеріс жасауға мүмкіндік туғызды. Сондықтан ұлтты ұлт етіп дүниежүзілік деңгейге көтеретін оның спорттағы дарынды тұлғалары.

Осы орайда біз, студенттердің спортқа деген дарындылығын қарастырып отырмыз. Ол үшін ең алдымен дарындылық мәселесінің теориялық зерттеулерін көрсетуді жөн көрдік.

Зерттеу әдістері және оны ұйымдастыру.

Дарындылыққа байланысты әдебиеттерді талдау барысында өркениетті әлем дарындылық және спорттағы дарындылықты нағыз құндылық деп есептейтінін түсіндік. Осыған байланысты теория мен тәжірибеде дарындылық құбылысын зерттеп білуге, сондай-ақ спорттық дарындылық мәселесіне қызығушылық артуда.

Зерттеулерге сүйенсек, дарындылықты генетикалық нәрсе деп қарастырып, оны белгілі бір даму сатысының нәтиже көрсеткіші ретінде түсіндіреді. Ерте дәуірде адам психикасы танымдық құбылыстың ішіндегі танып білуге, ұғынуға өте қиын мәселелердің бірі болғандықтан, жеке-леген адамдардың табиғи ерекшелігі мен оларда табиғи қабілеттіліктің болуы құдіреті күшті құдайдың жаратқаны деп есептегені белгілі [2].

Ежелгі Греция, Рим мемлекеттерінде жан-жақты адам болу үшін, алдымен спорт қалыптасқан, поэзия, музыка, шешендік өнер т.б. игеру арқылы үйлесімді адам тәрбиелеу міндеті қойылды. Бұл кезеңдегі еңбек қажеттілігімен туындаған спорт толығымен даму сипатында болды. Грецияда ақын-жазушылар спортты, дене мүмкіндіктерін мадақтап көптеген еңбектер шығара бастады.

Платонның өзі саналы мемлекетті құру үшін алдымен барлық адамдар спортпен айналысып, дене салауаттылығына көңіл бөлу қажеттілігіне тоқталды [3].

Ғылыми әдебиеттерді талдау көрсеткендей, дарындылық – Орта Азия мен Қазақстан ғалымдарын да толғандырған мәселе. Белгілі ойшылдар әл-Фараби, Иассауи, Ибн Сина т.б. философия, логика, химия, астрономия, география, медицина, психология, спорт ғылымдарымен бірге тәрбие мәселесіне еңбектерін арнаған. Осылайша ғалымдар еңбек қызметіне, дене тәрбиесіне, қажеттілікке, қабілеттілікке үлкен мағына берді. Дарындылықтың тұқым қуалайтындығы, ұрпақтан-ұрпаққа берілетіндігі сөзсіз екендігін ғалымдардың келесідегідей еңбектерінен аңғаруға болады.

Ж.Ж. Руссоның тұжырымы баланың табиғатпен байланыста жетілетінін жақтады. Оның

пікірінше, тәрбие: «баланың табиғи ерекшелігіне араласпай, оның өсуіне ерік беруі қажет», - деді. Оның қызығушылығын, еліктеушілігін, дарындылығын табиғи тұрғыда зерттеуді ұйғарды [4].

А. Дистервегтің тұжырымдауы бойынша, «нағыз тәрбие – дамудың табиғатқа ұқсас түрін және оның күнделікті өсіп-жетілуіне ұдайы ұмтылады. Егер дарындылық ерте оянса немесе шамадан тыс шаршаса соның салдарынан әлсірейді, ал дарындылық кеш пайда болса, ол қандай қабілетті болса да, ешқашан ойлаған мақсатына жете алмауы мүмкін» деп тұжырым жасады [5].

Д. Хебб «генотиптік интеллект» деген ұғымды енгізді. Бұл таза тұқым қуалайтын интеллект сыртқы ортамен қарым-қатынас орната отырып, «фенотиптік интеллекті» құрайды. Соңғысының деңгейі бәрімізге белгілі тест әдісімен анықталады. Д. Хеббтің ойынша ген арқылы берілуі мен сыртқы ортаның әсерінің арасындағы қатынас 8:2. Мұнда 8-тұқым қуалаушылық, 2-сыртқы орта. Осыдан ол мынадай қорытындыға келеді: ой-өріс (интеллект) – бұл мәдени-әлеуметтік орта мен индивидтің (адамның) тәжірибесінен пайда болатын өнім, ал осы тәжірибені ассимиляциялап, (жинақтап) тиімді пайдалана білуінің 80% генотиптік құрылымға байланысты [6].

Бүгінгі күні ғылымдағы біздің зерттеу мәселеміз бойынша мәліметтерге ешқандай күдікпен қарауға болмайды, өйткені дарындылық көптеген факторлардың өзара қатынасы; танымдық және тәжірибелік үрдістердің қорытындысына байланысты. Атап айтқанда, спорттағы табиғи талабы, әлеуметтік жағдайы студенттің жеке қасиеті. Дарындылықтың дамуы көбіне жоғары дәрежедегі мақсаттылық арқылы іс-әрекеттік ықпал жасағанда ғана жүзеге асады.

Ғалымдар спорт, музыка, интеллект және т.б. дарындылықтағы қабілеттіліктің (Б.Т. Ананьев, Н.С. Лейтес, К.К. Платонов, Б.М. Теплов, В.Д. Шадриков т.б.) арақатынасын зерттеді. Білімнің әр

түрлі саласын (философия, психология, генетика, физиология, педагогика, әлеуметтану, спорт) кешенді пәнаралық зерттеуді талап ететін дарындылық табиғаты күрделі әрі көпқырлы болғандықтан ғалымдар оны әр түрлі қырынан қарастырды:

– спорттық дарындылық мәселесі жайында ресейлік ғалымдар (В.М. Ушаков, В.П. Божович, Л.П. Сергиенко және т.б.) еңбектерінде зерделенген;

– дарындылықты мәдени-білім беру ортасының кейбір шарттарымен байланыстыра (О.М. Дьяченко, Н.Б. Шумакова т.б.) отырып қарастырды;

– дарындылардың жеке дара айырмашылықтары мен қабілеттілігінің психологиясы мен психофизиологиясы мәселесі бойынша (Э.А. Голубева, В.С. Мерлин, А.И. Савенков т.б.); жеке дара айырмашылықтардың генетикалық алғышарттары бойынша (И.В. Леонтьев және т.б.) ғылыми жұмыстар жүргізілді.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, шетелдерде «дарындылық», «дарынды адамдар» мәселесі бойынша теориялық және эксперименталды материалдардың кең ауқымы жинақталған. Ф. Баррон, Х. Гарднер, Дж. Гилфорд, Х. Пассов, П. Торренс, Дж. Фельдхьюсен, т.б. өз зерттеулерін осы мәселеге арнаған. «Дарындылықтың» олар жасаған әр түрлі теориялық үлгілері бар.

Бұл тұста И.П. Павловтың еңбектерін де атап өткіміз келеді. Автор өз зерттеулерінде егер арнайы қабілеттіліктер жалпы негіздерден дамыса, онда олар шығармашылық дәрежеде, яғни білім беруде, техникада, мәдениетте жетіледі деп көрсеткен [7].

Сондай-ақ, дарындылықтың түрлерін зерттеген Ганьенің ұсынған үлгісі, оның жасаған дарындылық пен таланттың үлгісінде дарын адами әрекетке қатты ықпал ететін әсерлер мен өзгерістер арқасында талантқа айналатын немесе айналмайтын табиғи қабілет ретінде қарастырғанын зерделеуді айтып өтуді жөн санадық (1-кесте).

1-кесте – Ганьенің дарынның талантқа айналуының үлгісі

Дарындылық Зияткерлі (пайымдау, есте сақтау, ауызша айту) Шығармашылық (жаңа) Әлеуметтік-эмоционалдық (лидерлік, жанашырлық) Қозғалыс (күш-қуат)	Жеке тұлғалық ішкі ықпалдар Түрткі Мінез-құлқы Жеке тұлғасы	Талант Оқу пәндері бойынша Стратегиялық Технологиялық Бейнелеу өнері Қарым-қатынастық Іскерлік Спорттық Көшбасшылық
	Дамытпалы үрдіс Білім алу, тәрбие, жаттығу	
	Айналасы Адамдар Міндеттер мен шаралар Қоршаған ортаның ықпалы	

Мұнда табиғи қабілеттер (дарын) іс-әрекеттің ерекше түрін атқару мүмкіндігі ретінде көрінеді – асқан дарынның арқасында оны игеру оңайға түседі. Мәселен, спортқа ептілік қабілеті бар адам табиғаты жағынан осы қасиетті қажет ететін кез келген спорт қимылдарын орындауға аса бейімді. Алайда, талант дарынның білім алу, тәрбие, жаттығу арқасында ұшталған әрі жүйелі түрде дамиды, спорттың нақты бір түріне қатысты дағдыға айналуы арқылы көрініс табады. Осылайша пайымдау қабілеті дарын ретінде спортшыларға, шахмат ойыншыларына және т.б. қажетті дағдыға айналады, бірақ бұл адамның ішкі тұлғалық және қоршаған ортаның ықпалына да байланысты [8].

Спорттық дарындылықтың тұқымқуалаушылық факторынан болуы әбден ықтимал. Ол жөнінде қабілеттің дамуының табиғи негізін құрайтын нышандардың жинағы – дарындылық болып табылады. И. Ожеговтың түсіндірмелік сөздігінде дарындылық табиғатпен берілген ерекше қабілет деп түсіндіріледі. Адами тұрғыдан ойлау, ізденушілік – табиғаттың адамға берген тамаша сыйы. Қабілет барлық адамның бойынан табылары сөзсіз. Қабілетті болу – адамдағы жеке-дара өзіндік ерекшелік, яғни бір адамның екінші адамнан айырмашылығын көрсететін психологиялық сипат. Қабілеттің мұндай сипаттарын былайша түсіндіруге болады. Мәселен, саусақтарының салалы болуы

музыканттарға, ал бойшаң болып келуі – баскетболшы-спортшыларға тән ерекшелік. Бірақ бұл түсінік нағыз дәлел бола бермейді [8].

Спорттық дарындылықты ұстанған студенттердің жаттығуларының нәтижесінде ағзасы өзгереді және күрделі қызмет жағдайына бейімделудің айқын түрін көрсетеді. Осы бейімделу арқасында спорттық дарынын аша алуы ықтимал.

Қызметтің белгілі бір түрімен шұғылданду, талантты қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Талантты адамның қол жеткізген табыстарын барлық уақытта өлшеуге немесе оның белгі бір мөлшерде екенін айтуға болмайды.


Жалпы алғанда, дене дамуындағы спорттық дарындылықтың ашылу мүмкіндіктерін сараласақ, олардың мынадай жағдайларға байланысты пайда болатынын анықтауға болады:

– дене дайындығы жетілген, денсаулығы мықты адамдардың қажеттілігінен туындаған қоғамдық өмірдің іс-тәжірибесі;

– әр түрлі тарихи кезеңдерде ойшылдар мен ағартушылардың жан-жақты жетілген жеке тұлғаны тәрбиелеу туралы ой-тұжырымдары мен идеялары;

– үйлесімді дамыған, жан-жақты, білімді де білікті ұрпақ тәрбиелеудегі озат педагогикалық іс-тәжірибелер мен ұсыныстар;

Осы орайда спорттық дарындылық құрылымын келесідегідей суретте ұсынамыз (1-сурет).



1-сурет – Спорттық дарындылықтың құрылымы

Спорттық дарындылығы бар студенттердің жеке тұлғалық дене мәдениеті кәсіптің әлеуметтік маңыздылығына, педагогикалық қызметке өмірлік қажеттілігінің, дамыған кәсіби мақтанш сезімінің, еңбекқорлықтың, жұмысқа қабілеттіліктің, туындайтын кәсіби міндеттерді тез әрі сапалы шешуге, педагогикалық тәжірибесін кеңейтуге, кәсіби шеберлікке жетуге даярлықтың бірлігінен құралады.

Зерттеу бағыты бойынша жақын диссертациялық жұмыстар туралы айтатын болсақ О.А. Аяшевтің, Т.Ж. Бекбатчаевтың, А.А. Жолдасбекова, Ж. Егізбаевтың еңбектері дене мәдениетіне баулуға, осы тұрғыда студенттердің спортқа қабілеттілігін арттыруға көп көңіл бөледі.

Демек, жоғары оқу орындарында студенттердің спорттық дарындылығын дамыту денсаулығы мықты, жан-жақты дамыған, алуан түрлі дене және ақыл-ой еңбектерін тәрбиелеуге қабілетті ұрпақты даярлау жөніндегі мемлекет-

тік қажеттілік талаптарына байланысты жүргізілетін іс.

Қорытынды. Қорыта келгенде, теориялық талдауларды жүргізе отырып, біз, спорттық дарындылық – дене қозғалыстары іс-әрекеттерінде саналы белсенділік пен қимыл-қозғалыс жолында берілген талаптан тыс жоғары нәтиженің көрінісі және белгілі бір спорт түріне деген жоғары қабілеттілік» деп өз анықтамамызды береміз.

Республикамыздағы білім беру саласында және әртүрлі қолдану салаларына байланысты жаңа бағыттағы спорт, дене тәрбиесі бойынша сұраныстардың артуы, оларды даярлаудағы білімділігі мен қабілеттілігі, біліктіліктің қазіргі талаптарға сай болуы өте үлкен маңызды жұмыстарды атқаруды талап етеді және болашақ мамандардың дене мәдениеті даярлығын, білім стандартына, мазмұнына сай жүзеге асыру жұмыстары кең етек алып отыр.

Әдебиеттер

- 1 Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000377> (дата обращения 14.02.2019)
- 2 Дж.Реале, Д. Антисери. Батыс философиясы: бастауынан бүгінгі күнге дейін. – Алматы, 2012. – 167 б.
- 3 Руссо Ж.Ж. Педагогические сочинения: в 2-х т. / под ред. Джиблидзе; сост. Джуринский. – М.: Педагогика, 1981. – 656 с.
- 4 Гершунский Б.С. Философия образования для XXI века. – М., 2002. – 508 с.
- 5 Тұралбаева А.Т. Отбасы мен мектептің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеу: филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2014. – 136 б.
- 6 Павлов И.П. Условный рефлекс // Сочинения. – М., 1949. – Т. 3. – 518 с.
- 7 Gagne F. 'Learning about the nature of gifts and talents through peer and teacher nominations', in M.W. Katzko and F.J. Monks (eds) Nurturing Talent: Individual Needs and Social Ability. – Assen; The Netherlands: Van Gorcum, 1995. – P.274-278.
- 8 Ожегов С.И. Словарь русского языка. – Екатеринбург, 1994. – 800 с.

FTAMP 77.01.09

Жанғанатова К.Н., Ескалиев М.З.

Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы қ., Қазақстан

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ МЕН СПОРТ САЛАСЫНДАҒЫ МАМАНДАРДЫ ДАЙЫНДАЙТЫН ОРТА АЗИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҰҢҒЫШ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНА – 75 ЖЫЛ (1944-2019 ЖЖ.)

Жанғанатова Калимаш Нұратдинқызы, Ескалиев Мұхтар Зейнолдаұлы

Дене тәрбиесі мен спорт саласындағы мамандарды дайындайтын Орта Азия мен Қазақстандағы тұңғыш жоғары оқу орнына – 75 жыл (1944-2019 жж.)

Аңдатпа. Мақалада қазіргі Қазақ спорт және туризм академиясының алғаш 1944 жылы Қазақ мемлекеттік дене тәрбиесі институты болып құрылған уақытынан бастап, бүгінгі күнге дейінгі тарихы қарастырылған. Институттың 1946-1956 жылдардағы материалдық-техникалық негізі, факультеттер мен кафедралардың ашылуы, Мәскеу мен Ленинградтың дене тәрбиесі институтынан шақырылған тәжірибелі ғалымдар мен жас дарынды оқытушылар, институт түлектері және олардың бүкілодақтық жарыстарда жеткен жетістіктері, әр жылдары басқарған басшылары мен олардың білім ордасында қалдырған іздері зерделенген. Сондай-ақ, бүгінгі таңдағы академияның білім беру жүйесі, кітапхана қоры, ғылыми әлеуеті (потенциал), халықаралық байланыстары, дене тәрбиесі мен спорттық университеттердің халықаралық қауымдастығындағы орны, 2017 жылы Алматы қаласында өткен XXVIII бүкіләлемдік қысқы универсиадаға қосқан үлесі, ҚазСТА жанында арнайы жұмыс істеп тұрған балалардың спорттық академиялары осы ғылыми еңбекте қамтылған.

Түйін сөздер: дене тәрбиесі институты, академия, материалдық-техникалық негізі, ректор, спорт шебері, әлемнің үздік университеті, халықаралық байланыстар, универсиада.

Zhangangatova Kalimash Nuratdinovna, Yeskaliyev Mukhtar

The first high school in the field of sports and physical education in Central Asia and Kazakhstan is 75 years old (1944-2019 y.)

Abstract. The article discusses the history of the Kazakh Academy of Sport and Tourism since the creation of the Kazakh State Institute of Physical Education in 1944 until today. It tells about the material and technical base of the institute in 1946-1956, the opening of faculties and departments, about invited eminent scientists, as well as young talented teachers from the Institute of Physical Culture of Moscow and Leningrad. The author pays special attention to information about graduates of the institute and their achievements in All-Union competitions, about the leaders who headed the institute in different years and their contribution to the prosperity of the university. The author also writes about the educational system of the Academy, the library, scientific potential, international relations, the role of the Academy in the International University Sports Federation, and the contribution of the Academy to the preparation and holding of the 28th World Winter Universiade in 2017 in Almaty. In addition, the article writes about the specialized children's sports academies operating at KazAST, created with the aim of forming the Olympic reserve of the Republic of Kazakhstan.

Key words: institute of Physical Education, Academy, material and technical base, rector, master of sports, Best University of the World, international relations, universiade.

Жанғанатова Калимаш Нұратдиновна, Ескалиев Мұхтар Зейнолдинович

Первому в Средней Азии и Казахстане высшему учебному заведению по подготовке специалистов в области спорта и физического воспитания – 75 лет (1944-2019 гг.)

Аннотация. В статье рассматривается история Казахской академии спорта и туризма с момента создания в 1944 году Казахского государственного института физической культуры до сегодняшнего дня. Рассказывается о материально-технической базе института в 1946-1956 годы, открытия факультетов и кафедр, о приглашенных видных ученых, а также молодых талантливых преподавателях из Институты физической культуры Москвы и Ленинграда, выпускниках института и их достижениях во всесоюзных соревнованиях, о руководителях, в разные годы возглавлявших институт, и их вкладе в процветание вуза. Также речь идет об образовательной системе академии, библиотеке, научном потенциале, международных связях, о роли академии в Международной федерации студенческого спорта, о вкладе академии в деле подготовки и проведения в 2017 году в городе Алматы 28-й Всемирной студенческой зимней Универсиады, о действующих при КазАСТ специализированных детских спортивных академий с целью формирования олимпийского резерва Республики Казахстан.

Ключевые слова: Институт физкультуры, академия, материально-техническая база, ректор, мастер спорта, лучший университет мира, международные связи, универсиада.

Кіріспе. Тарихқа көз жүгіртсек, КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің № 1581 «Дене тәрбиесі мамандарын дайындау шаралары» қаулысымен 1944 жылдың 14 қарашасында Алма-Ата қаласында Қазақ мемлекеттік дене тәрбиесі институты (КазГИФК) салтанатты түрде ашылған. Алғашында институт ғимараты Совет № 22 (қазіргі Қазыбек би) көшесіндегі Дене тәрбиесі техникумы ғимаратында орналасқан. 1965 жылдан бастап қазіргі тұрған орны Абай даңғылы 85 жаңа ғимаратқа көшіріледі. Білім Ордасы 1944 жылдан 1972 жылға дейін Қазақ мемлекеттік дене тәрбиесі институты (КазГИФК), 1972-1997 жылға дейін Қазақ дене тәрбиесі институты (КазИФК), 1998 жылдан бастап Қазақ спорт және туризм Академиясы (КазАСТ) аталып келеді [1]. Осыдан 75 жыл бұрын ашылған бұл білім ордасы бүкіл Орта Азия бойынша дене тәрбиесі мен спорт саласының мамандарын дайындайтын жалғыз және тұңғыш ЖОО болды [2].

Зерттеу нәтижелері. Орта Азия өңірі бойынша тұңғыш ЖОО болғандықтан институт Өзбекстан, Қырғызстан, Түркменстан және Тәжікстан одақтас республикаларын спорт саласындағы мамандармен ішінара қамтамасыз етіп отырған. Институт өзінің ашылған күнінен бастап Қазақстан ғана емес бүкіл Орта Азиядағы дене тәрбиесі мен спорт саласындағы ғылыми-педагог мамандарды дайындайтын орталық болды [3].

Сондықтан да болар КСРО-ның түкпір-түкпірінен тәжірибелі ғалымдар мен жас дарынды оқытушылар жұмысқа шақырылды. Сол жылдары Ленинград дене тәрбиесі институтынан А.И. Яшкичев (спорттық ойындар кафедрасының меңгерушісі), В.С. Карунина (жеңіл атлетика кафедрасының аға оқытушысы), М. Таникеев (дене тәрбиесінің теориясы, тарихы және оны ұйымдастыру кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент) және т.б. Мәскеудің дене тәрбиесі институтын бітіріп келген жас мамандармен институттың жалпытеориялық кафедрасы күшейтілді. Физиология кафедрасын м.ғ.д., профессор Г.В. Скипин, анатомия кафедрасын ҚазКСР-ның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, профессор П.О. Исаев басқарды. Әрине институт алғаш ашылған жылдары оқу үдерісінде көп қиындықтарға тап болды. Бірнеше шағын дәрісхана мен 1 спорт зал бұл жеткіліксіз еді. Атап айтқанда, бірнеше спорт зал, дене шынықтыру алаңын салу, тамақтану орындарын (асхана) ашу, студенттерді жатақханамен қамту мәселелері өз шешімін таппаған еді [4].

1944 жылы ҚазКСР Халық Ағарту Комитетінің Қаулысымен Абай атындағы Қазақ

педагогикалық институтынан 68 студентті беру арқылы институттағы студенттер құрамы толықтырылды. Жыл сайын студенттер саны артып, институттың спорттық базасы нығая түсті. 1945 жылы Қазақ мемлекеттік дене тәрбиесі институты өзінің алғашқы қарлығаштарын ұшырды. Бұл бітіріп шыққан 6 студент (кейбір деректерде 7 студент) Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының дене тәрбиесі факультетінен ауыстырылған 4 курс студенттері болатын. 1955 жылы институт өзінің құрылғанына 10 жыл толуын атап өтті. Осы 10 жыл ішінде 600-ден аса жоғары білімді дене тәрбиесінің мамандарын дайындап шығарды [4].

Институт түлектері дене тәрбиесі, сауықтыру және спорттық жұмыстардың барлық саласында ұйымдастырушылық қабілеттерімен көзге түсті. Мәселен, А.В. Акимов – Республикалық Кеңестің «Буревестник» спорт қоғамының төрағасы болып сайланды, К. Тен – ӨзбекКСР-ының Министрлер Кеңесі жанындағы дене тәрбиесі мен спорт Комитеті төрағасының орынбасары, Л.Т. Ақопян – ҚазКСР Республикалық дене тәрбиесі техникумының директоры лауазымдарын абыройлы атқарды.

Осы жылдар аралығында институт студенттерінің саны ғана емес оқу-өндірістік жағынан жабдықталуы да біршама өсті. Институт өзінің үздік бітірген түлектерін жұмысқа алып қалып отырды. Олар ұзақ жылдар бойы осы институтқа адал еңбек етті. Олардың ішінде жеңіл атлетика кафедрасының меңгерушісі В.А. Гржибко, шаңғы спорты кафедрасының меңгерушісі Г.М. Терещенко, педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы, КСРО-ның спорт шебері Д.Д. Рыспеков, институттың сырттай бөлімінің проректоры М.Б. Кизикенов, спорт медицинасы мен гигиенасы кафедрасының аға оқытушысы З.А. Хайрушева, жүзу кафедрасының аға оқытушысы, КСРО-ның спорт шебері Б.Т. Елғондиев және т.б. Сондай-ақ, институттың оқу-тәрбие процесінде аянбай еңбек етіп, көп күш-жігерін жұмсаған педагогика факультетінің деканы Михаил Васильевич Ким мен спорт факультетінің деканы Сергей Сергеевич Гиржон де болды [5].

- 11 Standard rules for admission to training in the organization of education, implementing educational programs of higher education 16 February 2017 project [Electronic resource] / accessMode:http://edu.gov.kz/ru/page/tipovie_pravila_priema_na_obuchenie__v_organizatsii_obrazovaniya__realizuishchie_obrazovatelnie_programmi_visshego_obrazovaniya]

¹Белегова А.А., ²Сайлинова Қ.Қ.¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан**БОЛАШАҚ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МҰҒАЛІМІНІҢ РЕФЛЕКСИЯ ТҮРЛЕРІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРДЕГІ ЖІКТЕМЕСІ**

Белегова Алия Ақанбаевна, Сайлинова Қарлығаш Қайрбергеновна

Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексия түрлерінің психологиялық-педагогикалық еңбектердегі жіктелуі

Аңдатпа. Мақалада автор болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексиясы мәселесін кеңінен қарастыруға тырысқан. Ғылыми психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау негізінде зерттеуші рефлексия түрлерінің жіктелуін анықтаған. Нақтыласақ, әдебиеттер талдауы көрсеткендей, зерттеуші ғалымдар рефлексияның әдіснамалық, әдістемелік, технологиялық түрлері анықталған. Сонымен қатар, А.А. Бодалев өз еңбегінде әлеуметтік-перцептивтік рефлексия, тұлғалық рефлексия, коммуникативтік рефлексия және метарефлексия деп түрлерге жіктеген. Зерттеу барысында автор рефлексиялық үрдісті орындаудағы қызметтерге байланысты рефлексия түрлерін ажыратуға тырыстық: жағдаяттық рефлексия, ретроспективті рефлексия және перспективті рефлексия. Жалпылағанда, рефлексия механизмінің психологиялық негіздерінде субъектінің жеке дара өзіне бағытталған ойлау қызметі ретінде ерекше маңызды. Ойлаудың психологиялық түсінігінде тұжырымдамалық ойлау деңгейінде өзін-өзі ақпараттандыру механизмі педагогикалық рефлексияның тетігі болып табылады.

Түйін сөздер: рефлексия, рефлексия түрлері, психологиялық-педагогикалық еңбектер, болашақ мұғалім, рефлексиялық үрдіс.

Belegova Aliya Akanbaevna, Sailinova Karlygash Kairbergenovna

Classification types of reflection of the future teacher of physical culture in psychological and pedagogical works

Abstract. The author tried to consider the problem of reflection of the future teacher of physical culture in the article. On the basis of the study of scientific psychological and pedagogical literature researcher determined the classification types of reflection. In particular, the analysis of literary sources showed that researchers distinguish such types of reflection as methodological, methodical and technological. At the same time, the scientist A. A. Bodalev in his works classifies reflection on social-perceptual reflection, personal reflection, interpersonal reflection and metareflection. In the course of the study, the author tried to distinguish the types of reflection depending on the function of the reflexive process: situational reflection, retrospective reflection and perspective reflection. In general, the psychological basis of the mechanism of reflection can be attributed to the mental function of the subject, addressed only to himself. In psychological understanding of the level of mental operation is the mechanism of self-information, which in turn is the core of pedagogical reflection.

Key words: reflection, types of reflection, psychological and pedagogical works, future teacher, reflexive process.

Белегова Алия Ақанбаевна, Сайлинова Қарлығаш Қайрбергеновна

Классификация видов рефлексии будущего учителя физической культуры в психолого-педагогических трудах

Аннотация. В статье автор попытался более шире рассмотреть проблему рефлексии будущего учителя физической культуры. На основе изучения научной психолого-педагогической литературы определена классификация видов рефлексии. В частности, анализ литературных источников показал, что ученые-исследователи выделяют такие виды рефлексии, как методологическая, методическая и технологическая. В тоже время ученый А.А.Бодалев в своих трудах классифицирует рефлексии по таким видам, как социально-перцептивная рефлексия, личностная рефлексия, коммуникативная рефлексия и метарефлексия. В ходе исследования автор попытался разграничить виды рефлексии в зависимости от выполняемой функции рефлексивного процесса: ситуативная рефлексия, ретроспективная рефлексия и перспективная рефлексия. В целом, к психологическому основанию механизма рефлексии можно отнести мыслительную функцию субъекта, обращенного только к себе. В психологическом понимании на уровне мыслительной операции лежит механизм самoinформации, что в свою очередь является ядром педагогической рефлексии.

Ключевые слова: рефлексия, виды рефлексии, психолого-педагогические труды, будущий учитель, рефлексивный процесс.

Кіріспе. Жоғары білікті мамандарды заманауи деңгейде оқыту тек қана терең, жүйелі және жоғары сапалы іргелі білімді меңгеруді, тиісті тәжірибелік дағдыларды қалыптастыруды ғана емес, сонымен қатар олардың мотивациялық қажеттіліктер саласын, өзін-өзі тану және шығармашылық қабілеттерін дамытуды білдіреді.

Заманауи білім беру стандарттары болашақ маманды өзінің кәсіби маңызды жеке сипаттамаларын қалыптастырумен қатар біліммен қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар, қазіргі заманғы зерттеулерде еңбек психологиясы, педагогика және психология, жаңа білім беру және білім беру технологияларына көшу, атап айтқанда, тұлғалық бағдарланған және құзыреттілікке бағытталған оқыту және білім беру ұсынылады.

Осындай амалдардың негізінде кәсіптік рефлексияны өзіндік ерекшелігі, ойлау қабілеті, оның шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруы үшін қажетті жағдай және кәсіби шеберліктің жоғары деңгейіне жету, кез келген бейінде маман дайындау үшін маңызды. Бұл жағдайда жоғары білімдегі оқу үрдісі жағдаяттық пен проблемалық деңгейлерге бағытталуы керек.

Зерттеу мақсаты: ғылыми-педагогикалық, психологиялық әдебиеттерді талдау негізінде болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексия түрлерінің жіктелуін анықтау.

Зерттеу міндеттері:

- болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексиясына сипаттама беру;
- ғылыми әдебиет көздерін зерттеу негізінде рефлексияның түрлерін анықтау.

Зерттеудің әдістері: ғылыми педагогикалық, психологиялық әдебиеттерді талдау, жинақтау, салыстыру, жіктеме.

Зерттеу нәтижелері: Рефлексия механизмінің ішкі және сыртқы құрамдас бөліктерінің шығуы жайында психологтардың еңбектері баршылық: Ананьев Б.Г. [1], Выготский Л.С. [2], Давыдов В.В. [3], Загвязинский В.И. [4], Леонтьев А.Н. [5]. Руханилықты қалыптастыратын рефлексияның психологиялық астарларына В.П. Зинченко мен В.И. Слободчикова зерттеу жұмыстары арналды [6, 7].

Қазіргі таңда рефлексияның зерттелуіне жалпы, әлеуметтік, педагогикалық және инженерлік психологияда үлкен көңіл бөлінеді.

Бұл қызығушылық рефлексия үрдісінің тұлға өмірінде, оның дамуында, өмірлік тәжірибе алуында маңызды орын алуымен байланысты. Адамның дамуы екі жақты қарастырылады: мәдениеттегі бұрыннан бар нормалар мен құндылықтарды, іс-әрекеттің түрлері мен амалдарын пайдалана отырып адамның дамуы; келесі кезеңде мәдени тәжірибе меңгерілген кезде, адам өзін-өзі жетілдіреді, мәдениетте жаңа нәрсе жасайды, қоршаған айналасын жаңашаландырады – осы жағдайлардың кез келгенінде адам жаңа мүмкіндіктерге ие болады. Әрине, осы кезеңдердің өтуі рефлексияға ықпал етеді.

Рефлексия сана іс-әрекеті ретінде, қызметтің тетігі ретінде Г.П. Щедровицкийдің шығармаларында көрініс табады [8]. Автор лингвистикалық құралдардың көмегімен ойластырылған және оның тақырыбы ретінде әрекет етуге бағытталғанын көрсетеді. Бұл жерде негізгі психологиялық қиындық – қосымша іс-әрекеттер мен қосымша логикалық білімді талап ететін өз іс-әрекеттерінен тыс рефлексивті болып табылады. Процестің күрделілігі шағылыстырған және рефлексиялық позициялардың құралы, білімдері мен мағыналарының негізгі айырмашылығымен байланысты.

Тұжырымдамалық түсінікте рефлексия адамның жеке санасының, белсенділігінің және қарым-қатынасының әртүрлі мазмұнын қайта қарастырудың нысаны ретінде анықталады. Адамның өзін-өзі тану тұрғысынан, рефлексия және тұлғаның өзін-өзі тану үрдісі, оның ішкі әлемінің мазмұны және «Мен» толық бейнесін қалыптастыру ретінде сипатталуы мүмкін. Метакогнитивті үрдіс ретінде рефлексия пәннің өз ойлау үрдістерін талдауға қабілеттілігін көрсетеді, мақсатты белгілеу, жоспарлау, болжау, шешім қабылдау мүмкіндігін білдіреді. Педагогикалық үдерісте оның қатысушылары – мұғалім және студент, сонымен қатар проблемалық қақтығыстағы жағдайларды шығармашылық түрде шешу, біздің ойымызша, оқыту пәндерінің қызмет етуінің аса маңызды аспектісі болып табылады.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау барысында біз рефлексияның түрлі жіктерін ажыратуға мүмкіндігін байқадық:

- әдіснамалық, ол кәсіби мәдениет дамуының әдіснамалық астарларына, педагогтардың

кәсіби-педагогикалық қызметінің феноменін білуге бағытталғандығымен сипатталады;

– әдістемелік рефлексия, кәсіби оқу орындарының әдістемелік жұмыстарының ортақ жүйесінде дамиды және педагогтың кәсіби-педагогикалық жұмысымен тығыз байланысты. Әдістемелік рефлексияны қалыптастыру – білім беру үдерісінің өзін-өзі бағалауына (өзін-өзі бақылау, өзін-өзі тексеру және өзін-өзі бағалау), өткенге және болашаққа бағдарланған, өзін-өзі танытуға байланысты көрсететін ретроспективті өзін-өзі талдауға негізделген;

– технологиялық рефлексия, технологиялық үрдістердің мәні мен мазмұнын тануды, олардың құрылымдық деңгейінің өзін-өзі анықтауын, инновациялық педагогикалық үрдістегі шығармашылық қолданыстарды қамтамасыз етеді [9].

Бүгінде С.Ю. Степанов пен И. Семенов рефлексиялық-инновациялық үдерістің тұжырымдамасын әзірледі, оның мәні проблемалық қақтығыс жағдайымен соқтығысқан сәтте адам рефлексиялық-инновациялық өзара әрекеттесу актісін қалыптастырғанына байланысты. Бұл келісім-шарт «адам-әлем» жүйесі ретінде белгіленеді. Мәселелі-қақтығыстық жағдай адамға (адам өзгереді) немесе әлеммен байланысты (қоршаған айналасындағы шындықтың өзгеруі, қызмет жағдайының өзгеруі) байланыс-

ты инновациялық нәтиже болғанда шешіледі. Инновациялық нәтиже шығармашылық шешім табу үдерісінде туындайды, мұнда мәселенің жағдайын көрсетудің белгілі бір деңгейі және ең маңызды мәселе қажетті шарт болып табылады [10].

Рефлексияның психологиялық мазмұнының ауқымы мен полифониясы, оның көпқызметтілігі, сипаттамалар мен қасиеттерінің кең спектрі адам тұлғасының интегралдық құрылымында көріністің орны мен рөлінің маңыздылығы мен ерекшелігін көрсетеді.


Аталмыш мәселені терең зерттеген ғалымның бірі А.А. Бодалев ілімінде рефлексияның келесі түрлері ұсынылады (1-сурет):

Өздерінің идеяларымен және танылған адам туралы тұжырымдамаларымен қайта қарауға және қайта тексеруге бағытталған әлеуметтік-перцептивтік рефлексия;

Өзгелермен қарым-қатынаста көрінетін басқа тұлғалармен қарым-қатынасын және жеке тұлғаның қасиеттерін жеке көрсету (өзін-өзі тану) тұлғалық рефлексия;

Субъектінің оны қалай қабылдайтыны, бағалағаны туралы түсінігін қалыптастыратын коммуникативтік рефлексия;


Метарефлексия, яғни білетін адамдардың сен туралы ойы [11].



1-сурет – А.А. Бодалев бойынша рефлексия түрлері

Сонымен қатар, ғылыми әдебиеттер талдауы көрсеткендей нақты берілген жағдайдағы реф-

лексиялық үрдістерді орындайтын қызметтеріне байланысты үш көрініс байқалады (2-сурет).



2-сурет – Рефлексиялық үрдісті орындаудағы қызметтерге байланысты рефлексия түрлері

Аталмыш анықталған рефлексия түрлеріне тоқталатын болсақ:

Жағдаяттық рефлексия – «мотивациялар» және «өзін-өзі бағалау» түрінде әрекет етеді және жағдайды субъектіге тікелей қатыстыруды, оның элементтерін түсінуді, не болып жатқанын талдауды қамтамасыз етеді.

Ретроспективті рефлексия – бұрын орындалған іс-шараларды талдау үшін пайдаланылады.

Перспективті рефлексия – алдағы қызмет туралы ойлауды, қызметтің прогресін танытуды, жоспарлауды, іске асырудың ең тиімді әдістерін таңдауды, мүмкін нәтижелерді болжауды қамтиды.

Сонымен қатар, зерттеулерден байқағанымыз, кейбір авторлар зияткерлік және тұлғалық рефлексия түрлерін анықтаған. Зияткерлік рефлексия проблемалық тақырыптың тақырыптық мазмұнын және ондағы орынды талдауға бағытталған, ол өз кезегінде, өмірлік тапсырманың мазмұнымен, сондай-ақ оның өзгеру мүмкіндігімен анықталады. Тұлғалық рефлексия іздену үрдісіндегі адамның өз-өзіне бағытталған және сәйкесінше оның барлық қызметіне қайта қарауға әкеледі.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде кең тараған педагогикалық рефлексия түсі-

нігінің түбінде көбінесе рефлексияның психологиялық негіздері маңызды болып табылады. Рефлексия механизмінің психологиялық негіздері «педагогикалық рефлексия, өзіне бағытталған субъектінің ойлау қызметі ретінде» ұғымының анықтамасында ерекше маңызды. Ойлаудың психологиялық түсінігінде тұжырымдамалық ойлау деңгейінде өзін-өзі ақпараттандыру механизмі ретінде педагогикалық рефлексияның негізі болып табылады.

Қорытынды. Біздің ойымызша, рефлексияның негізгі түрлері мен жіктелу деңгейлерінің теориялық маңыздылығы тұжырымдаманың тарылуын жеңу ғана емес, сонымен қатар рефлексиялық құбылыстың қосарлы (жеке және тұлғааралық) сипатын, сондай-ақ жеке құрылымдағы рефлексиялық үдерістердің көп деңгейлілігін анықтауда.

Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексиясы – интеллекттің өзінің психикалық үрдістерін объективтілеуіне, оның қызметін қабылдауына және талдауға қабілеттілігі. Өзін-өзі талдау механизмі бола отырып, педагогтың рефлексиясы өзін-өзі бақылау, түсіну, жауапты мінез-құлық құралы болып, өз әлеміндегі себеп-салдарлық байланыстарды қадағалауға мүмкіндік береді. Бұл ерекшеліктер педагог рефлексияның маңызды мәнін құрайды.

Әдебиеттер

- 1 Ананьев Б.Г. О проблемах современного человекознания. – СПб.: Питер Ком, 2000. – №1. – 267 с.
- 2 Выготский Л.С. Педагогическая психология. – М.: Педагогика 1991. – 171 с.
- 3 Давыдов В.В., Неверкович С.Д., Самоукина Н.В. О функции рефлексии в игровом обучении руководителей // Вопросы психологии. 1990. – №3. – С.19-25.
- 4 Загвязинский В.И. Педагогическое творчество учителя. – М.: Педагогика, 1987. – 160 с.
- 5 Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М., 1975. – №53.
- 6 Зинченко В.П. О целях и ценностях образования // Педагогика. – 1997. – №5. – С.3-17.

- 7 Слободчиков В.И., Исаева Н.А. Психологические условия введения студентов в профессию педагога // Вопросы психологии. 1996. – №4. – С.72-80.
- 8 Щедровицкий Г.П. Рефлексия в деятельности // Вопросы методологии. 1994. – №3-4. – С.76-121.
- 9 Педагогическая рефлексия. Технология рефлексивного обучения: коллектив. моногр. / под ред. Л.П. Качаловой, Г.В. Телеевой. – Шадринск, 2008. – 91 с.
- 10 Степанов С.Ю., Семенов И. Рефлексия в организации творческого мышления и саморазвития личности // Вопросы психологии. 1983. – №2. – С.35-42.
- 11 Бодалев А.А. Психология общения: Избранные психологические труды. – 2-е изд. – М.: Московский психолого-социальный институт. – Воронеж: НПО «МОДЭК», 2002. – 256 с.

FTAMP 77.01.79

Рыскалиев С.Н., Андрущишин И.Ф., Дошыбеков А.Б.

Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

Рыскалиев Саят Нұрболатұлы, Андрущишин Иосиф Францевич,
Дошыбеков Айдын Бағдатұлы

Болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігінің сипаттамасы

Аңдатпа. Мақалада автор болашақ дене мәдениеті мұғалімінің басқарушылық құзыреттілігінің сипаттамасын анықтауға тырысқан. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау негізінде «мәдениет», «дене мәдениеті» ұғымдарының мәнін анықтайды. Сонымен қатар, дене мәдениеті мұғаліміне қойылатын талаптар жүйесін келтіреді. Заманауи даму жағдайында дене шынықтыру мұғалімі, жаттықтырушы тек қана кәсіптік білімдер мен дағдылар деңгейіне ғана емес, сонымен қатар нақты педагогикалық үдерісте өмірлік қиын жағдайларда адамдарды басқара білуге, білімді және кәсіби құзыретті шешімдер қабылдауға және негізінен дене шынықтыру және спорт саласындағы жаңартылған білім мазмұнын қамтитын болады. Біздің зерттеуіміздің шеңберінде әдіснамалық тәсілдерге, соның ішінде тұтастық тәсілге сүйенеміз, оның негізінде «басқарушылық құзыреттілік» ұғымы болашақ мұғалімнің кәсіби іс-қимылын жүзеге асыруда белсенділікке негізделген және студенттерге бағытталған тәсілдер арқылы анықталады.

Түйін сөздер: болашақ дене мәдениеті мұғалімі, кәсіби құзыреттілік, басқарушылық құзыреттілік, сипаттама, құрылымы.

Ryskaliyev Sayat, Andrushchishin Joseph, Dosybekov Aydin

Characteristics of management competence of future teachers of physical education

Abstract. In the article, the author tried to characterize the management competence of the future teacher of physical education. Based on the analysis of scientific and pedagogical literature, the essence of the concepts «culture» and «physical culture» are determined. Also the system of requirements for a teacher of physical culture is generalized. In the conditions of modern development of sports education, a teacher, a trainer should have a certain amount of knowledge and skills in the field of his profession, as well as in a real pedagogical process, he must have managerial skills and professional competencies aimed at solving existing real-life situations. covering the updated content of education in the field of physical culture and sports. As part of our research, we rely on methodological approaches, including a holistic approach, on the basis of which the concept of "managerial competence" is revealed through activity-based and student-centered approaches in the implementation of the future professional activities of a teacher.

Key words: future teacher of physical culture, professional competence, management competence, characteristics, structure.

Рыскалиев Саят Нурботалұлы, Андрущишин Иосиф Францевич,
Дошыбеков Айдын Бағдатович

Характеристика управленческой компетентности будущих учителей физической культуры

Аннотация. В статье автор попытался охарактеризовать управленческую компетентность будущего учителя физической культуры. На основе анализа научно-педагогической литературы определены сущность понятий «культура», «физическая культура». Также обобщена система требований, предъявляемых к учителю физической культуры. В условиях современного развития спортивного образования педагогу, тренеру должны быть присущи определенная сумма знаний, умений, навыков в области своей профессии, также в реальном педагогическом процессе у него должны быть сформированы управленческие способности, профессиональные компетентности, направленные на решение сложившихся реальных жизненных ситуаций, в целом охватывающие обновленное содержание образования в сфере физической культуры и спорта. В рамках нашего исследования мы опираемся на методологические подходы, в том числе на целостный подход, на основе которого понятие «управленческая компетентность» раскрывается через деятельностный и личностно-ориентированный подходы в реализации профессиональной деятельности будущего педагога.

Ключевые слова: будущий учитель физической культуры, профессиональная компетентность, управленческая компетентность, характеристика, структура.

Кіріспе. Ғасырлар тоғысында білім беру парадигмасының өзгеруі (репродуктивті-педагогикалық өркениеттен шығармашыл-педагогикалық өркениетке көшу) білімнің мақсаттарын болашақта өзінің рухани және дене қасиеттерінің шынайы бірлігінің идеалына айналуы тиіс адамның сапасын өзгертуімен байланыстырады. Бұл жалпы білім берумен қатар кәсіптік білімге де қатысты. Дене мәдениеті мұғалімімен қатар кез келген мамандықты дайындау мазмұны, ең алдымен, қоғам дамуының қазіргі кезеңінде (мемлекеттік деңгейде жеке-дара бағытталған білім беру парадигмасына көшу) қоғамның объективті талаптары негізінде анықталады: балаға, мәдениетке, шығармашылыққа деген құндылықтық көзқарасқа ие болу; гуманистік педагогикалық ұстанымды көрсету; балалардың экологиясын, балалардың физикалық және рухани денсаулығын сақтауға қамқорлық жасау; мәдени-ағартушылық және пәндік-педагогикалық білім беру ортасын үнемі жетілдіру және қалыптастыру; оқытудың мазмұнымен жұмыс жасай білу, оған жеке-семантикалық бағдар беру; инновациялық технологияларды қоса алғанда, әртүрлі технологияларды меңгеру, оларға жеке дамудың фокусын беру, әрбір баланың даралығын дамыту мен қолдауға қамқорлық жасау, сонымен қатар басқарушылық іс-әрекетке даярлығы.

Қазіргі таңда дене мәдениеті және спорт жүйелік бақылау объектісі ретінде қарастырылады, оған басқарма қатынастарының жіктемесі мен ерекшелігі, менеджмент пен маркетингтің серпінділігі, спорт менеджерінің қызметіндегі ерекшелігі тән.

Дене мәдениеті мен спортты әкімшілік-жоспарлы басқару моделінен нарыққа қайта бағыттау, экономикалық мотивацияның өсуі және коммерциялық мүдделердің артуы, дене мәдени ерекшеліктерінің өзгеруі, спорттық индустрияның дамуы – қазіргі заманғы мамандарды дене мәдениеті және спорт бойынша даярлауға жоғары талаптар қояды.

Заманауи дене шынықтыру мұғалімі, спорт жаттықтырушы тек қана кәсіптік білімдер мен дағдылар деңгейіне ғана емес, сонымен қатар адамдарды басқара білуге, білімді және құзыретті шешімдер қабылдауға, марапаттар мен жазалау жүйесін енгізуге, «Дене мәдениеті және спорт» индустриясының даму үрдісін болжауға тиіс. Қазіргі заманғы спорт менеджер-мұғалімін даярлауға спорт мұғалімінің жұмысын және дене шынықтырумен айналысатын, спорттық ұйымдастырудағы тәжірибе мен әмбебап басқаруды қажет ететін жұмысының жеке астарларын бі-

ріктіретін «басқарушылық құзыреттілік» ұғымының негізінде ғана жасалуы мүмкін.

Сонымен қатар, мұғалімнің басқарушылық құзыреттілігі маманның кәсіби құзыреттілігінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Зерттеу мақсаты: ғылыми-педагогикалық, арнайы әдебиеттерді талдау негізінде болашақ дене мәдениеті мұғалімінің басқарушылық құзыреттілігінің сипаттамасын анықтау.

Зерттеу міндеттері:

- «дене мәдениеті» ұғымының мәнін ашу;
- дене мәдениеті мұғаліміне қойылатын талаптарды нақтылау;
- болашақ дене мәдениеті мұғалімінің басқарушылық құзыреттілігінің сипаттамасын анықтау.

Зерттеудің әдістері: ғылыми әдебиеттерді талдау, жинақтау, салыстыру.

Зерттеу нәтижелері: Бүгінде оқытушы мамандығы бірден өзгермелі (трансформациялы) және басқарушы болып табылады. Ал жеке тұлғаның даму үдерісін басқару үшін құзыретті болу қажет. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі тұжырымдамасы оның теориялық және тәжірибелік дайындығын біртұтас жеке тұлғаның құрылымында бейнелейді және оның кәсібилігін сипаттайды (А.И.Мишенко) [1].

Дене мәдениеті мұғалімінің кәсіби құзыреттілігінің мазмұны біліктілік сипаттамасымен анықталады, ол кәсіби білімдер мен дағдылардың ғылыми негізделген құрамын көрсететін мұғалім құзыреттілігінің нормативті үлгісі болып табылады. Біліктілік сипаттамасы – мұғалім үшін теориялық және практикалық тәжірибе деңгейінде жалпыланған талаптар жиынтығы. Осы тұрғыдан алғанда, «Дене мәдениеті» мамандығы бойынша (бітірушінің біліктілігі – дене мәдениеті пәнінің мұғалімі) жоғары кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына назар аударсақ, онда түлектерден күтілетін әлеуметтік маңызды қасиеттер мыналар:

- оқытылатын пәннің ерекшелігін ескере отырып, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуге дайындығы;

- білім берудің әр түрлі әдістерін және құралдарын пайдалануға дайындығы;

- әлеуметтендіруді ынталандыруға, жеке тұлғаның жалпы және дене мәдениетін қалыптастыруға, кәсіптік білім беру бағдарламаларын саналы таңдау мен одан әрі дамытуға дайындығы;

- білімалушыларды мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес оқыту деңгейін қамтамасыз етуге дайындығы;

– әртүрлі ұлттық заңдар мен келісімдерде көзделген білім алушылардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу қажеттілігін түсіну;

– өзінің кәсіби біліктілігін жүйелі түрде жақсартуға, әдістемелік жұмысқа қатысуға дайындығы;

– ата-аналармен қарым-қатынас жасауға дайындығы;

– қорғаныс талаптарын орындауға, қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтауға дайындығы [2].

Дене мәдениеті мамандарын даярлауға қойылатын негізгі біліктілік талаптары – ғылым мен техниканың ақпараттық технологияларына негізделген білім мен дағдыларды білу талаптары; дене мәдениеті және спорт саласында дидактикалық үлгілерді білу; ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу әдістері; дене тәрбиесі мен спорттық іс-әрекетте дене қасиеттерін дамыту және әртүрлі санаттағы адамдарды оқытудың технологиясын меңгеру.

Біздің зерттеуіміздің негізгі ұғымы «дене мәдениеті» болғандықтан, ең алдымен, мәдениет категориясына тоқталсақ.

Мәдениеттің әлеуметтік феноменінің проблематикасын түсіндіре отырып, ғалымдар (М.С. Каган, Б.С. Ерасов және т.б.) мәдениеттің жалпы тұжырымдамасындағы үш негізгі компонентті белгілейді: материалдық, рухани және физикалық [3].

Ұлы Кеңес энциклопедиясында дене мәдениеті қоғамның жалпы мәдениетінің бір бөлігі ретінде, денсаулықты дамытуға, адамның дене қабілеттерін дамытуға және оларды әлеуметтік тәжірибенің қажеттіліктеріне сәйкес қолдануға бағытталған әлеуметтік қызмет бағыттарының бірі ретінде қарастырылады.

Ғылыми әдебиеттер талдауы көрсеткендей, дене мәдениеті ұғымы жан-жақтылығымен сипатталады. Ғалым А.М. Максименко анықтамасы бойынша, дене мәдениеті – бұл адамның денелік жақсаруы үшін қоғамда арнайы құрылған материалдық және рухани құндылықтар негізінде салынған мәдениеттің түрі [4]. Дене мәдениеті туралы білім жүйесінде орталық және ең көлемді санат (іргелі тұжырым), әрине, «дене шынықтыру» түсінігі болып табылады. Бұл тұжырымдаманы анықтау үшін мәдениеттің бөлінуі «сыртқы» (адамға қатысты) табиғатты өзгертуге бағытталғаны немесе ол адамның өзін-өзі «трансформациялауына» (өзгертуіне) бағытталғанына қарай ескеру маңызды (яғни, өздерінің жағдайларын оңтайландыру және дамыту). Мәдениеттің соңғы түрін дәстүрлі түр-

де адамзат мәдениеті деп атауға болады (барлық мәдениет адаммен байланысты, алайда әр жерде ол әр түрлі болады). Дәл сондай мәдениеттің түріне дене мәдениеті жатады.

Келесі кезекте жоғарыда атап кеткендей, дене мәдениеті мұғалімінің кәсіби қызметінде ерекше орынға басқарушылық құзыреттілікті жатқызуға болады. Басқарушылық құзыреттілігінің дамуы кәсіби білімді үнемі жетілдіру және жаңартып отыру үрдісіне ықпал етеді, бұл, өз кезегінде, басшы кадрларды дайындау және сертификаттау жүйесі арқылы мүмкін болады. Оларды ғылыми-әдістемелік базамен, педагогикалық құралдармен және жағдаймен қамтамасыз ету басқарушылық құзыреттілікті қалыптастырудың даму деңгейлерін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл жұмыстың тікелей нәтижесі кәсіби біліктілікті дамыту туралы кеңесті кеңейту және зерттеу, спорт мектебінің көшбасшылары біліктілігін арттыру және оқытудың тиімді және мақсатты үдерісі, гуманистік бағыттылықты дамыту, мамандардың жалпы мәдени және кәсіптік құзыреттілігін игеру және әлеуметтік маңызды, әлеуметтік жағынан тиімді іске асыруда жаңа деңгейге жету болып табылады.


Басқарушылық құзыреттілікті дамыту үрдісінде екі топ факторына ерекше назар аудару керек: субъективті (когнитивтік және жеке тұлғаның белсенді аспектілері) және объективті (әлеуметтік жағдай, спорттық-жаттықтырушы ортасы). Басқарушылық құзыреттілікті дамытудың міндетті компоненті – теориялық оқыту мен практикалық қызметтің интеграциясы, оқытудың нысандарын, әдістерін және диагностикасын таңдау еркіндігі болып табылады. Біліктілікті жоғарылату мазмұнын, мақсаттарды белгілеуді, құндылық негіздерін ынталандыруды және басқарушының жеке қасиеттерін анықтайтын педагогикалық шарттарды құру және енгізу (кәсіби құзыреттілігін дамыту үрдісінде) кәсіби құзыреттілікті дамыту мәселесін шешудің негізгі механизмі болып табылады [5].

Дене мәдениеті мұғалімінің басқарушылық құзыреттілігін дамыту үрдісі негізгі спорттық және оқу іс-әрекеттерінен үзіліссіз өткізілетін тәуелсіз білім беру қызметі ретінде қарастырылады. Өзін-өзі танудың нәтижесі негізінде маманның басқару құзыреттілігін дамытудың дидактикалық құралы ретінде мотивация, құндылық негіздері мен жеке қасиеттерді қарастырамыз. Спорт және жаттығу кезінде туындайтын проблемалар мұғалімнің жеке оқыту іс-әрекетінің міндет-

теріне аударылады. Әлеуметтік тәжірибеге сүйене отырып, материал дерексіз деңгейде қалпына келтіріледі, туындаған мәселені шешудің себептері мен құралдарын іздеу жүргізіледі. Маманның оқу іс-шаралары өздерінің басқару стандарттарын құруға арналған кеңістік болып табылады және практикалық дене мәдениеті жұмысында өзекті болып табылады. Спорт мектебінің жетекшілерінің құзыреттілігін дамы-

тудың тиімді әдістемесін жасау ерік, мораль, ақыл-ой, эмпатия сияқты жеке қасиеттерге әсер етуге мүмкіндік береді. Осындай кәсіптік қасиеттердің басымдары: қарым-қатынас, тактика, шыдамдылық, эмоционалдылық, тапқырлық, байқау, шынайылық және т.б.

Төменде суретте болашақ дене мәдениеті мұғалімінің басқарушылық құзыреттілігінің құрылымын көрсетуге тырыстық:



1-сурет – Болашақ дене мәдениеті мұғалімінің басқарушылық құзыреттілігінің құрылымы

Жоғарыдағы суретте келтірілген болашақ дене мәдениеті мұғалімінің басқарушылық құ-

зыреттілігінің құрылымының сипаттамасын нақтыласақ (1-кесте).

1-кесте – Болашақ дене мәдениеті мұғалімінің басқарушылық құзыреттілігінің құрылымының сипаттамасы

Болашақ дене мәдениеті мұғалімінің басқарушылық құзыреттілігі	Сипаттамасы
Жобалаушылық (талдау, жоспарлау және болжау іс-әрекеттеріне байланысты)	<ul style="list-style-type: none"> – ұжымдағы жұмысы, логика және ұжымдық қызметтің даму заңдылықтары, жүйелер теориясы, мақсаттарды орнату теориясы, дене мәдениетімен спорттық іс-шараларды ұйымдастырудың негіздері. – ұйымдастыруды жоспарлау әдістеріне ие болу, сыртқы және ішкі орта жағдайын талдау, маркетингтік зерттеулер жүргізу. – іс-шараларды жоспарлау мүмкіндігі (меншікті, бағынатын, командалар), жарыстар жүйесін жоспарлау, ұйым мақсаттары иерархиясын қалыптастыру және оның жетістіктері үшін қажетті ресурстарды анықтау; басқару шешімдерін тиісті түрде жасайды.
Конструктивті (басқару шешімдерінің әртүрлі түрлерін әзірлеуге және қабылдауға, нақты кәсіптік іс-әрекеттерді жүзеге асыруға байланысты)	<ul style="list-style-type: none"> – шешімдер теориясы мен шешімдерді бағалау критерийлерін таңдау әдістерін білу, басқару шешімдерін қабылдау технологиясын (алгоритмін) игеру. – демеушілікті ұйымдастыру мен реттеу саласындағы білім мен дағдылары. – ДШ және С проблемаларын басқару және оларды шешу жолдары туралы хабардар болу. – жарыстарды ұйымдастыруға және басқаруға, спортшылар мен ұйымдарға жағымды имидж қалыптастыруға, спорттық іс-шараларды жасасу және жасасуды қамтамасыз етуге. – басқару шешімдерін әзірлеу дағдылары, олардың тиімділігін бағалау.

Жұмылдыру (мотивация саласына сілтеме жасай отырып және бағынышты жасақтың, ұжымның қызметін ынталандыру)	<ul style="list-style-type: none"> – көшбасшылық стилі, іскерлік мінез-құлық, топтық басқару, ынталандыру теориясы, командалық басқару технологиялары. – қызметті ынталандыру және мотивациялық әсер ету әдістерін меңгеру, қызметкерлерді басқару әдістері. – бағынышты адамдарды мотивациялаудың тиісті, тиімді әдістерін таңдау және қолдану мүмкіндігі.
Коммуникативті (іскерлік қатынастарды жобалау және сыртқы ортамен қатынастарды ұйымдастыру)	<ul style="list-style-type: none"> – жеке тұлғаның және топтың психологиясы, топтық мінез-құлық, конфликтология, әлеуметтану (әлеуметтік қатынастар теориясы) саласындағы білім. – тұлғааралық қақтығыстарды алдын ала болжау, анықтау және реттеу. – келіссөз жүргізу, сыртқы ұйымдармен іскерлік байланыстар орнату. – БАҚ-пен қарым-қатынасты ұйымдастыру мүмкіндігі.
Ұйымдастыру (қызметті ұтымды ұйымдастыру, оны бақылау және үйлестіру)	<ul style="list-style-type: none"> – еңбекті ғылыми ұйымдастыру теориясы, кадрларды іріктеу және орналастыру психологиясы. – еңбек оңтайландыру әдістеріне ие болу және бақылау іс-әрекеттерінің әдістері. – ұйымның өндірістік және өндірістік емес ресурстарын бөлу, өкілеттіктер беру, ұйымның ішкі және сыртқы ортасы туралы ақпаратты жинау және талдау саласындағы дағдылар.

Қорытынды. Болашақ дене мәдениеті мұғалімінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру білім беру жүйесінің жаңа әлеуметтік қажеттіліктерімен анықталады. Болашақ дене мәдениеті мұғалімінің басқарушылық құзыреттілігінің табысты қалыптасуы, ең алдымен, мектеп оқушыларының түйінді құзыреттерінің қалыптасуының міндетті шарты болып табылады. Біздің пікірімізше, басқарушылық құзыреттілік өз кезегінде мынадай сипаттарды кіріктіреді: жобалаушылық (талдау, жоспарлау

және болжау іс-әрекеттеріне байланысты); конструктивті (басқару шешімдерінің әртүрлі түрлерін әзірлеуге және қабылдауға, нақты кәсіптік іс-әрекеттерді жүзеге асыруға байланысты); жұмылдыру (мотивация саласына сілтеме жасай отырып және бағынышты жасақтың, ұжымның қызметін ынталандыру); коммуникативті (іскерлік қатынастарды жобалау және сыртқы ортамен қатынастарды ұйымдастыру); ұйымдастыру (қызметті ұтымды ұйымдастыру, оны бақылау және үйлестіру).

Әдебиеттер

- 1 Зеер Э.Ф. Компетентный подход к образованию // Педагогика. – 2003. – № 3. – С.56-63.
- 2 ГОСО РК 6.08.074-2010 Высшее образование. Бакалавриат. Основные положения.
- 3 Серякова С.Б. Современные требования к компетентности преподавателя вуза // Вестник Воронежского государственного технического университета. – 2014. – Т. 10. – № 5-2. – С. 170-174.
- 4 Максименко А.М. Теория и методика физической культуры: учебник/ А.М. Максименко. – М.: ФиС, 2005. – С.107-108.
- 5 Павлова Л.Н. Профессиональная деятельность педагога по управлению ученическим коллективом // Вестник Сургутского государственного педагогического университета. – 2014, № 1 (28). – С. 89-96.
- 6 Исламов А.Э. К вопросу формирования управленческой компетентности будущего педагога // Современные проблемы науки и образования. – 2014. – № 2. – С. 25.
- 7 Лазарев В.С. Планирование как главное направление и исходный принцип исследования в психологии управления/ НИИ общей и педагогической психологии АПН СССР. – М. – 25 с.
- 8 Мескон М., Альберт М., Хедоури Ф. Основы менеджмента. – М.: Дело, 1997. – 704 с.
- 9 Найн А.Я. Культура делового общения. – Челябинск: Издательство ТОО «Версия», 1997. – С. 255.
- 10 Поташник М.М. Управление качеством образования: практико-ориентированная монография и методическое пособие / под ред. М.М. Поташника – М.: Педагогическое общество России, 2000. – 448 с.
- 11 Doshybekov A.B. How to prepare modern specialist in the sphere of physical culture and sports? Implementation of the sports marketing discipline in educational programs. International journal of environmental & science education 2016, vol. 11, no. 9, 3089-3099 doi: 10. 12973/ ijese.2016.806a/ turkey, issn 1306-3065

Сыдықов Н., Кулбаев А.Т.

Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы қ., Қазақстан

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТТЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ НЕГІЗДЕРІ

Сыдықов Нұрбол, Кулбаев Айбол Тиналович

Дене шынықтыру және спорттық менеджмент негіздері

Аңдатпа. Аталған мақалада «басқару», «менеджмент» ұғымдарына жүйелі талдау негізінде сипаттама беріліп, басқарудың ерекше типі ретінде менеджменттің маңызы негізделеді. Сонымен қатар спорттық ұйымдарда басқарушылық шешімдерді қабылдау мәселелері қарастырылады. Онда басқару үрдісіне терең тоқталып, оған анықтама беріледі. Қазіргі заманның талаптарына жауап беретін жалпы спорттық менеджменттің мақсаттары және қызметтері баяндалады. Сонымен қатар, спорттық ұйымдар менеджментінің қызметтік жүйелері және сондай-ақ, басқармалы шешімдерді дайындау және қабылдаудың маңызды екендігі көрсетілген.

Түйін сөздер: менеджмент, басқару, дене шынықтыру – спорттық ұйымдар, басқарушылық шешімдер, менеджмент ерекшелігі, спорттық менеджмент.

Sydykov Nurbol, Kulbaev Aibol

Fundamentals of physical culture and sports management

Abstract. In this article “management” and “management” is considered on the basis of systems analysis of concepts, characteristic is given, the management entity as special type of management locates. And also adoption of the management decision of problems in the sports organization is considered. In it management process is studied itself and given definitions. Besides it is stated to the purpose and function of sports management which conform to modern requirements. The system of functions of management of the sports organization and preparation and adoption of the management decision is considered.

Key words: management, governance; sports organizations, administrative decision, features of management; sports management.

Сыдықов Нұрбол, Кулбаев Айбол Тиналович

Основы физической культуры и спортивного менеджмента

Аннотация. В данной статье рассматриваются на основе системного анализа понятия «управление» и «менеджмент». Дается системная характеристика и обосновывается сущность менеджмента как особого типа управления как в теоретическом, так и в практическом плане. А также рассматриваются способы и методы принятия управленческих решений в спортивных организациях. Изучается сам процесс управления и дается расширенное определение, характеризующее данное понятие. Кроме этого, излагаются цели и функции спортивного менеджмента, которые соответствуют современным требованиям. Рассматривается система функций менеджмента спортивной организации и подготовка и принятие управленческих решений в изучаемой отрасли.

Ключевые слова: менеджмент, управление, физкультурно-спортивные организации, управленческие решения, особенности менеджмента, спортивный менеджмент.

Кіріспе. Қазақстанның басқару ойлары тарихының тамырлары ғасырлар қойнауынан бастау алады. Жүздеген жылдар бойы басқару ойы біртіндеп жетілдірілді. Басқаруға деген қажеттілік адамның және оның біріккен қызметінің пайда болуына байланысты туды. Мемлекетті басқару жөнінде біздің еліміздің дамуының әрқилы кезеңіндегі әртүрлі міндеттер өткенімізге үлкен әсер етті және бүгінгі күні де Қазақстанның басқару ойының қалыптасуы мен дамуына ықпалын тигізуде.

Қазақ халқының белгілі ханы Тәуке хан (1680-1715) әмірлік құрған кезде неғұрлым прогрессивті мемлекет және рухани қайраткерлер Төле би (1663-1750), Қазыбек би (1667-1763), Әйтеке би (1628-1766) болды. «Жеті жарғы» деп аталатын заң жинақтарында олар мемлекетті басқару жөніндегі өз пікірлерін мазмұндады, мұнда орта ғасырлық қазақ қоғамындағы негізгі принциптер мен құқық нормалары бекітілген. «Жеті жарғы» – бұл әкімшілік, азаматтық және қылмыстық құқықтардың нормаларын мазмұндаған құжат, яғни қазақтардың заңдар мен қарапайым құқық нормаларының алғашқы жазба жинағы болып табылады. «Жеті жарғыға» сәйкес мемлекеттегі жоғарғы билік ханның қолында шоғырланды. Басқару халықтық жиналыс – құрылтай арқылы сұлтандардың және ру басшыларының қатысуымен жүзеге асырылады [1].

Басқару ғылыми эволюциясын дәлірек әрі терең түсіну үшін басқару ойларының негізгі даму бағыттары туралы нақты ғылыми ұғымға ие болуы керек. XX ғасырдың бас кезінде басқару теориясы «менеджмент» ұғымымен толықтырылады. Шетелдік ғалымдар Ф.У. Тейлор, А. Файоль, М.П. Фоллет, А.М. Вебер, И. Ансофф, М. Портер т.б. «менеджмент» деп меңгерушінің өз қарамағындағы қызметкерлерінің интеллект қорын пайдалану арқылы мақсатқа жетуі деп түсінеді [2, 3, 4, 5, 6, 7]. Жалпы алғанда менеджмент – бұл ғылым мен өнер негізінде басқару.

Алғаш рет ғылыми менеджмент мектебінің негізін қалаған Америка инженері Фредерик Тейлор (1856-1915) еді. Ол өндірісті ғылым тұрғысынан басқаруға болады деген пікір айтты. Кезінде ғажайып жаңалық болған бұл құбылысты ол кейін өзінің еңбектерінде ғылыми жағынан жан-жақты дәлелдеді. Ф. Тейлор кәсіпорынды басқару ісін өнер ретінде қарастыра келіп менеджер «нені жасауды дәл білуі және соны арзан, әрі ең тиімді тәсілмен қалай жасауға болатынын» зерттеу нысаны етті. Ф. Тейлор басқару ісін тек кәсіпорын деңгейінде ұйымдастыруды

қарастырды. Оның теориясын Гаррингтон Эмерсон (1853-1931), Генри Форд (1863-1947) және т.б. өздерінің ғылыми еңбектерінде одан әрі дамытты [8, 9].

Зерттеу мақсаты: Дене шынықтыру және спорттық менеджмент негіздерінің шығу тарихын, оның дене шынықтыру және спорттағы орнын айқындау, спорттық менеджмент қызметтерінің өзара әрекеттесу үрдісін анықтау.

Зерттеу әдістері: Тарихи әдебиеттер мен ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, ресми құжаттар және ғалымдардың ой-пікірлерін саралау.

Зерттеу нәтижелері: «Менеджмент» сөзі алғашқыда атқа міну және оларды басқару деген мағынаны білдіретін. Бұл сөздің негізінде «to menegi» (басқару) деген сөзді білдіретін ағылшын етістігі. Қазіргі заманның теориясы мен практикасында менеджмент сөзі жекелеген жұмысшылармен, жұмысшылар тобымен, еңбек ұжымымен, әртүрлі әлеуметтік ұйымдармен жүргізілетін басқару үрдісін білдіреді. Нарық экономикасы дамыған елдерде – менеджер жоғары ақылы мамандықтардың біріне жатады. Менеджменттің мемлекеттің практика және теориясында әлеуметтік басқару жүйесінің негізгі құрылымы қоғамдық дамудың объективті факторлары болып табылады.

«Менеджмент» ұғымы Қазақстанда соңғы жылдары біздің елімізде нарықтық қатынастар қалыптасуының басында ағылшын тілінен сөздік қорымызға енді. Сондықтан да бірінші кезекте шетел мамандарының бұл ғылым туралы базалық түсініктерін талдап көрейік. Мысалы, «Менеджмент бойынша Халықаралық анықтамасы» (1990 ж.) «менеджмент» ұғымын капитал, ғимараттар, материалдар және еңбек сияқты ресурстарды тапсырылған мақсатқа максималды тиімділікпен жету үшін тиімді пайдалану және үйлестіру ретінде түсіндіріледі. Иргелі Оксфорд сөздігінде (2005 ж.) «менеджмент» ұғымына келесі түсіндірмелерді береді: 1) адамдармен қарым-қатынас үлгісі, тәсілі; 2) басқару өнері және билік; 3) ерекше түрдегі біліктілік және әкімгершілік дағдылар; 4) басқару органы, әкімгершілік бірлігі [10].

Мұндай көзқарасты дене мәдениеті мен спортты басқару бойынша мамандар да нақтылайды. Олардың ойынша:

Спорттық менеджмент – бұл осы заманғы нарықтық жағдайдағы дене мәдениеті және спорттық бағыттағы ұйымдарды, мекемелерді тиімді басқарудың теориясы мен практикасы. Спорттық менеджмент – дене шынықтыру

спорттық бағыттағы ұйымдарды басқарумен дене шынықтыру спорттық қызметтерді өндіретін ұйымдармен іс жүргізетін арнайы салалық менеджменттің түрі болып табылады. Сондықтан да спорттық менеджменттің маңызды элементі дене мәдениеті және спорт саласының жүйелендіруші нысандары дене шынықтыру – спорттық ұйымдар болып табылады. Сонымен менеджмент тұрғысынан дене мәдениеті және спорт – тек қана адамның мағыналы қозғалыс қызметінің тек қана мағыналы түрі емес, бұл спорт мектептерін, спорттық клубтар, спорт түрінен спорттық командалар, спорттық сауықтыру орталықтары, стадиондар спорттық федерациялар және тағы басқа басқару жүйесі дене шынықтыру – спорттық ұйымдардың қызметтерінің өнімдері дене жаттығулары және спортпен айналысудың ұйымдасқан түрлері, бағдарламалары, спорттық көріністер және тағы басқалар. Жалпы менеджменттің өзіне тән ерекшеліктері бар. Менеджмент шетелдерде менеджер деп атайтын ұйымдағы кәсіби жетекшілермен байланысты болады [11].

Спорттық менеджер – бағынатын қызметкерлері бар ғылыми басқарудың өнерін меңгерген дене шынықтыру спорттық ұйымдарда басшылық қызметтерді атқаратын маман. Менеджмент өнері спорттық менеджердің жалпы қабылданған қағидаларды, әдістерді және басқару технологиясын меңгеру қабілетінің ерекшеліктерімен мінезделеді. Спорттық менеджер белгілі бір мақсатқа сай (ұжымдық) ұйымның адамдарының ұжымдардың әрекеттерін ұйымдастырады және үйлесімді спорттық менеджмент ғылым ретінде басқарушылық еңбек және қатынастар туралы білімді жүйелендіреді. Ал олар басқарушылық міндеттер және шешімдерді жүзеге асыру үрдісінде пайда болады, демек бұл қатынастар спорттық менеджменттің құралы болып табылады. Басқарушылық қатынас дене шынықтыру және спорттық бағыттағы ұйымдар ішінде басқарудың субъекті және объектінің өзара іс-әрекетінде дамиды. Спорттық менеджменттің оқу пәніне сәйкес келетін қалыптасу және ғылыми негіздерінің көзі болып, дене шынықтыру және сол ұйымдардағы басқарушылық қызметтің шынайы заманауи тәжірибесі болып табылады [12].

Спорттық менеджменттің барлық жалпы және нақты қызметтері белгілі бір ұйымдасқан-технологиялық үрдісті құрай отырып, бірыңғай қимылдайды.

Спорттық ұйымдардағы менеджменттің қызметтер жүйесі – бұл дене шынықтыру –

спорттық ұйымдардың персоналымен іске асырылатын уақыт және кеңістікпен өзара байланысты басқару қызметтері түрлерінің кешені болып табылады [13].

Спорттық ұйымдардың менеджерлеріне басқару қызметтерін (жоспарлау, ұйымдастыру, ынталандыру, үйлестіру және бақылау) орындау кезінде пісіп жетілген мәселелерді шешуге бағытталған көптеген шешімдерді қабылдауға тура келеді.

Спорттық ұйымдардың персоналы – жаттықтырушылар, оқытушылар, нұсқаушылар және басқа мамандар – басқарушы шешімдерді дайындау үрдісіне белсенді түрде қатысады. Қабылданған басқарушы шешімдер дене мәдениеті және спорттың барлық жақтарына әсер етеді, сондықтан дұрыс және өз уақытында қабылданған шешімдерден кез келген дене шынықтыру – спорттық ұйымдардың жұмысының жемістілігі тәуелді болады.

Осыған байланысты дене шынықтыру және спорт саласындағы әрбір маманның теоретикалық білімдерді және басқарушы шешімдерді өңдеу технологиясын меңгергені абзал.

Басқарушы шешімдерді қабылдау үрдісінің циклдық сипаттары бар: демек, нысанды басқару параметрлерінде алдыға қойылған мақсаттар немесе жоспарланған міндеттерге кедергі болатын сәйкессіздіктерді табудан басталып, ары қарай, табылған проблеманы жөндеуге бағытталған шешімдерді қабылдап, ақыр аяғында сол шешімнің орындалуын ұйымдастыру жағы жүзеге асырылады.

Осылайша, *басқару үрдісі* – кемшілікті табуға бағытталған, қабылданған шешімді тиімді орындаудың оңтайлы жолын іздеп, іске асуын ұйымдастыратын және қорытындысы ол кемшілікті жою болатын циклдық әрекеттердің жиынтығы болып табылады.

Басқару әрдайым мақсатты түрде бағытталған болу керек. Мақсатты болжау – тиімді менеджменттің бастапқы сатысы. Спорттық ұйымдардың мақсатты қызметі бұл ұйымның өмір сүруінің себебін білдіретін жалпы мақсатын құрудан басталады. Сондықтан, менеджменттің бастапқы проблемаларының бірі болып, ұйымның бүтіндей әлеуметтік жүйе ретінде дамуын қамтамасыз ету үшін жетістікке жетуді білдіретін мақсатын құра білу болып табылады.

Мақсатты басқару теориясында мақсат деп ұйымның ұзақ уақытқа созылған қызметінде қол жеткізуге ұмтылатын түйінді нәтижесін атайды. Дәлірек айтқанда, басқарудың мақсаты – болашақтағы басқармалы жүйенің өзі қалайтын,

қажетті және мүмкіндікті жағдайы деп айтуға болады. Спорттық ұйымның мақсаты әдетте үш құжатта тіркеледі: ұйымның жарғысында, белгілі бір аймақтағы дене мәдениеті және спортты дамытудың тұжырымдамасы мен мақсатты бағдарламасында, бұл ұйымның қызмет көрсету аясына кіретін елді мекендерде. Дене шынықтыру-спорттық ұйымдар ереже бойынша бір емес, бірнеше мақсаттарды алдыға қояды. Оның ішінде мысалы, бұқаралық дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарымен байланысты болса, басқасы – жоғары жетістіктер спортымен байланысты болуы мүмкін. Сондықтан, спорттық ұйымдарда жалпы мақсатымен қоса, басқа да жеке мақсаттар қалыптасады. Оларды ұйымның міндеттері деп жиі атайды. Шетелдік ғылыми әдебиеттерде спорттық ұйымдардың жалпы мақсаты «саясат», «философия», «миссия» деген түсініктермен жиі бейнеледі [14].

Очень важным фактором, определяющим общую работоспособность организма, являются его аэробные возможности. Они оцениваются по величине МПК. Для ориентировочного определения МПК разработаны косвенные методы с применением тестирующих нагрузок. В одном из них такой нагрузкой служит восхождение на ступеньку определенной высоты в темпе 90 движений в 1 мин. в течение минуты, на последних 15 с работы подсчитывается частота сердцебиений и определяется по номограмме, разработанной П.О. Астрандом, величина МПК. Этот метод не очень точен, но он позволяет оценивать динамику общей работоспособности спортсмена в процессе тренировки. Аэробные возможности можно определять и по величине PWC_{170} . На основании предложены формы, позволяющие вычислять максимальное потребление кислорода – МПК (В.Л. Карпман).

Тестирующая нагрузка заключается в подъемах на ступеньку определенной высоты в темпе 120 движений в 1 мин. Работа продолжается до утомления, но не более 5 мин. В этом тесте индекс работоспособности вычисляется по формуле, в которой учтены длительность работы и количество сердцебиений за первую 408 половину 2-й минуты восстановления. Индекс ниже 50 соответствует низкому уровню работоспособности, индекс 50 – 80 – среднему, индекс больше 80 – высокому. В конце каждой нагрузки подсчитывалась частота сердцебиений (за 15 с).

У более тренированных лиц стандартные нагрузки относительно небольшой мощности вызывают менее выраженные изменения во всех системах организма. Это характеризует экономизацию функций, происходящую в процессе тренировки. Величина энергетических затрат при работе тесно связана с экономичностью. Внутриклеточного обмена веществ, уменьшение которого сопровождается снижением интенсивности функций дыхания и кровообращения [7]. О функциональной подготовленности спортсменов судят по различным показателям. Эти показатели можно подразделить на две группы. Одну группу составляют **показатели в состоянии покоя**, другую группу представляют **показатели изменения функций при работе**. Показатели в состоянии покоя мы рассмотрели выше, сейчас рассмотрим, как изменяются функции при работе. Тестирование производится двумя способами – **при стандартной нагрузке и при предельной нагрузке**.

Изменения физиологических показателей при стандартных и предельных нагрузках

имеют принципиальные различия. В случае стандартных нагрузок всем обследуемым предлагается одинаковая работа. При этом регламентируется мощность и длительность работы (задается величина преодолеваемого сопротивления, высота ступенек, темп восхождения, и т.д.). В этой ситуации более подготовленный человек, работая более экономно за счет более совершенной координации движений, имеет меньшие энерготраты и показывает меньшие сдвиги в состоянии опорно-двигательного аппарата и вегетативных функций.

В случае выполнения предельных нагрузок тренированный спортсмен работает с большей мощностью, выполняет заведомо больший объем работы, чем неподготовленный человек. Несмотря на высокую экономичность отдельных физиологических процессов и их высокую эффективность, для выполнения предельной работы тренированный организм спортсмена затрачивает огромную энергию и развивает значительные сдвиги в моторных и вегетативных функциях, совершенно недоступные для неподготовленного человека.

Тестирование функциональной подготовленности при стандартной работе.

Стандартные нагрузки могут быть общие, неспециализированные (различные функциональные пробы, степ – тесты) и специализированные, адекватные упражнениям в избранном виде спорта. При стандартной работе тренированный организм отличают от нетренированного следующие особенности: более быстрое вработывание, меньший уровень рабочих сдвигов различных функций, лучше выраженное устойчивое состояние, более быстрое восстановление после нагрузки [8].

Выводы:

Таким образом, на основании проведенных исследований можно сделать следующие выводы:

1. У тренированных спортсменов дыхание более согласовано с движениями, чем у нетренированных. В процессе тренировки формируется тип дыхания, наиболее эффективный при данной двигательной деятельности.

2. При выполнении стандартной работы у тренированных частота сердцебиений в абсолютных величинах меньше, а в процентном отношении к исходному уровню может быть больше, чем у нетренированных. Относительно меньший кислородный запрос и лучшая утилизация кислорода тканями у тренированных спортсменов

обеспечивают меньшие требования к органам кровообращения.

3. Кровяное давление в плечевой артерии у тренированных спортсменов повышается меньше, но иногда может быть и больше, чем у нетренированных. Это зависит от особенностей работы. В активных областях тела артериальное

давление повышается у тренированных меньше, чем у нетренированных, а в неактивных несколько больше. Следовательно, при выполнении степ-теста или работы на велоэргометре давление в плечевой артерии у тренированных спортсменов может нарастать больше, чем у нетренированных.

Литература

- 1 Вайнбаум Я.С. Гигиена физического воспитания и спорта: учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / Я. С. Вайнбаум, В. И. Коваль, Т. А. Родионова. – М.: Академия, 2003. – 240 с.
- 2 Дубровский В.И. Гигиена физического воспитания и спорта: учебник для студ. сред. и высш. учеб. заведений / В. И. Дубровский. – М.: ВЛАДОС, 2003. – 512 с.
- 3 Андасова Ж.М. Спортивная медицина: учебно-методический комплекс. – Алматы, 2010. – С. 172.
- 4 Nadel E.R. Economy of Movement and Endurance Performance // *Endurance in Sports*. – Oxford: Blackwell Sci. Pub, 1992. – P. 179-188.
- 5 Платонов Н.В., Булатова М.М. Гипоксическая тренировка в спорте // *Hypoxiamedical*. – М., 1995. – С. 17-23.
- 6 Тнимова Г.Т. Состояние клеточных мембран при адаптации и дезадаптации к мышечной деятельности // *Изв. МН-АН РК. Сер. биол. и мед.* – 1999. – № 1. – С. 32-38.
- 7 Баевский Р.М., Берсеньева А.П. Оценка адаптационных возможностей организма и риска развития заболевания. – М., 1997. – 83 с.
- 8 Коробейников Г.В. Функциональные резервы адаптации спортсменов в условиях напряженной мышечной деятельности // *Современный олимпийский спорт и спорт для всех: мат. VIII междунар. науч. конгр.* – Алматы, 2004. – С. 68-71.

¹Сейсенбеков Е.К., ²Тастанов Ә.Ж., ¹Сақаева Л.Б.,
¹Әшімханов Ғ.Р., ¹Телахынов Е.Б.

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

²М. Тынышпаев атындағы Қазақ Көлік және коммуникациялар академиясы

СПОРТТЫҚ КҮРЕСТЕГІ АРНАЙЫ КҮШ ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ РӨЛІ

Сейсенбеков Ерлан Кенжебайұлы, Тастанов Әділбай Жұматайұлы, Сақаева Ләйла Болатқызы, Әшімханов Ғалымжан Рашидұлы, Телахынов Еркін Біләұлұлы

Спорттық күрестегі арнайы күш дайындығының рөлі

Аңдатпа. Аталмыш мақалада авторлар жоғары оқу орындарында білім алып жатқан жастар үшін спорттық күрестің маңыздылығы, оның білім алушы жастардың жан-жақты дайындығын жоғарылатудағы алатын орны, спорттық күрестегі күш, төзімділік қасиеттерін оқу үдерісінде үйрету және оны жетілдіру әдістері жайлы мәселе көтереді. Спорттық күрестегі ақпараттық технологияларды қолдану негізінде жетілдіру әдістемесі жайлы психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге талдау жасалынды. Спорттық күрестегі өнер көрсететін маманданушы спортшылардың күш қабілеттіліктерінің құрылымы ашып көрсетілген. Спорттық күреспен айналысушы спортшылардың жеке тұлғасының психофизиологиялық ерекшеліктері тартымды сипатталған. Оқытушы-бапкерлердің көмегі арқылы оқу-әдістемелік жұмыстарға байланысты ғылыми жаңалықтар мен ақпараттарды алуға, оны еңдеуге және енгізуге дейін орындалған жұмыстар ақпараттық технологияларды пайдаланудың негізінде білім алушылардың дене тәрбиесі әдістемесінің жетілдірілгенін көрсетеді. Спорттық күрес түрлерінің білім алушы жастар үшін дене қасиеттерін дамытатыны, олардың рухани, тәрбиелік мәні, болашақ жұмыста ескелең ұрпақтың дені сау, еліміздің гүлденуіне үлес қосатын азаматтарды даярлап шығаратын маман ретінде қажеттігін атап көрсеткен абзал. Соның ішінде, спорттық күрес түрлерімен айналысушы жастармен тікелей жұмыс жасайтын бапкер-оқытушы мамандар үшін керекті оқу-әдістемелік материал ретінде қабылдаған жөн.

Түйін сөздер: дене шынықтыру, спорт, спорттық күрес түрлері, оқу үдерісі, әдістер, дене дайындығы, дене қасиеттерін жетілдіру.

Сейсенбеков Ерлан Кенжебаевич, Тастанов Адилбай Жуматаевич, Сақаева Ляйла Болатовна, Ашимханов Галымжан Рашидович, Телахынов Еркин Билялович

Роль специальной силовой подготовки в спортивной борьбе

Аннотация. В данной статье авторы рассматривают проблемы проведения видов спортивной борьбы, их значимость и место в учебном процессе ВУЗов, методы обучения и проведения спортивной борьбы для совершенствования двигательных качеств силы, выносливости, быстроты. Проанализирована психолого-педагогическая литература по совершенствованию методики в спортивной борьбе на основе применения информационных технологий. Описана структура силовых способностей спортсменов, специализирующихся в спортивной борьбе. Выделены психофизиологические особенности личности спортсменов, занимающихся спортивной борьбой. Усовершенствована методика физического воспитания обучающихся на основе использования информационных технологий, упорядочивания учебно-методической работы, получения, обработки и внедрения научных новостей и информации преподавателями-тренерами по видам спорта. Кроме этого, указаны необходимость учебно-тренировочной деятельности во время учебного процесса для развития двигательных качеств борцов, его воспитательная значимость и вклад в подготовку будущих специалистов, вносящих свою лепту для разностороннего развития подрастающего поколения и процветания нашей страны. Вместе с этим, необходимо отметить, что данные методы проведения учебно-тренировочной деятельности могут применяться как учебно-методический материал тренерами-преподавателями и педагогами, которые напрямую ведут учебную, тренировочную и воспитательную работу.

Ключевые слова: физическая культура, спортивная борьба, учебный процесс, методы, физическая подготовка, развитие двигательных качеств.

Seisenbekov Yer.K., Tastanov A.Zh., Sakayeva L.B., Ashimkhanov G.R., Telakhynov E.B.

The role of special strength training in wrestling

Annotation. In this article, the authors consider the problems of the types of wrestling, their significance and place in the educational process of universities, methods of training and wrestling to improve the motor qualities of strength, endurance, speed. Analyzed the psychological and pedagogical literature to improve methods in wrestling based on the use of information technology.

The structure of the power abilities of athletes specializing in wrestling is described. The psychophysiological features of the personality of athletes involved in wrestling are highlighted. Improved methods of physical education of students through the use of information technology, streamlining educational work, receiving, processing and implementation of scientific news and information by teachers, coaches for sports. In addition, the need for training activities during the educational process for the development of motor skills of fighters, its educational value and contribution to the training of future specialists who contribute to the diversified development of the younger generation and the prosperity of our country are indicated. At the same time, it should be noted that these methods of conducting training activities can be used as educational material by coaches, teachers and teachers who are directly engaged in educational, training and educational work.

Key words: physical culture, wrestling, educational process, methods, physical training, development of motor qualities.

Кіріспе. Еліміздің кеңінен таралған көптеген спорт түрлерінің арасында спорттық күрес түрлерін ерекше атап өткен жөн. Спорттық күреспен айналысу өскелең ұрпақтың ептілігін, күшін, төзімділігін, жылдамдығын, икемділігін, күш-ерік және рухани-моралдік қасиеттерін тәрбиелеудің бірден бір тиімді құралы болып табылатыны жөнінде спорттан хабары бар кез келген адамға белгілі. Техникалық-тактикалық даярлық тұрғысынан – күрес ең күрделі спорт түрлерінің біріне жатады. Бірқатар мамандар түпкілікті қорытынды нәтиже ретінде палуандардың дене, психологиялық және теориялық дайындығын, олардың техникалық іс-әрекеттерімен, деңгейімен, спортшылардың жарыстардағы сәтті көрсеткіштері ретінде жетілдіруімен байланыстырады [1].

Дене шынықтыру мен оның түрлері оңтайлы ұйымдастырылған қимыл-қозғалыс белсенділігі арқылы табиғи ресурстар мен рухани күштерді белсенді қолдана, толыққанды өмір сүру, өзін-өзі көрсете білу мен шығармашылық тұрғыда барынша іске асыруға септіктерін тигізеді. Сондықтан да, Елбасының пәрменімен, Үкімет пен білім беру органдары өскелең ұрпақтың денсаулығы мен дене тәрбиесін жетілдіруді білім беру саласындағы басты бағыттарының бірі ретінде ұстану жолдарын көрсетуде.

Палуандардың атлетикалық гимнастикамен айналысуы кезінде олардың дене қасиеттерінің дамуына үлесін қосатыны бұрыннан белгілі. Дене мәдениетінің ілімі мен әдістемесінде бірқатар негізгі дене қасиеттері атап өтіледі: күш, төзімділік, жылдамдық, ептілік пен икемділік дене қасиеттері қатарында күшке бірінші кезек берілуі бекер емес. Әртүрлі көріністерде көп көріне беретін адамның нақ осы күш даярлығы, адамның өзінің дене даярлығын, мұнымен қатар, денсаулығын да ең басты кейіпте көрсетеді. Бірақ, адам үшін күш қасиетін ғана дамытып, ал басқа дене қасиеттері назардан тыс қалуы тиіс деген ұғым болмау керек. Әдетте, дене қасиеттері кешенді түрде, әйтеуір бір тү-

рінің басымдылығымен дамиды. Көбінесе, күш қасиеті жақсы дамиды [2]. Палуандардың күш қасиеттерін дамытуға арналған дене жаттығуларымен айналысу адамды тек дене ғана емес, сонымен бірге, психологиялық тұрғыда да қалыптастырады. Кәсіпқой спортпен айналысушы палуандарда мақсатқа жетуге деген талабы күшті, бірқалыпты, тәртіпті болатыны, оларда рухани қасиеттері жоғары деңгейде екенін өмірде көруге болады. Бұл адамды рухани тұрғыда да, дене тұрғысында да жетілдіреді [3].

Спорттық күрес түрлеріне байланысты жаттықтыру үдерісін қарқындатудың жалпы тенденциясы ретінде, Халықаралық күрес федерациясының (FILA) күрес белдесулерінің қызықшылығын арттыру үшін атқарған іс-қызметтерін атап өткен жөн. Осы мақсатта жарыстық белдесулер мен жарысты өткізу тәртібінің мерзімі әжептәуір қысқартылды. Практикаға белсенді түрде еніп жатқан жарыс ережелері мен төрешілік практикасының басқа да өзгерістері палуандардың белсенділігін жоғарылатуға, сонымен бірге, палуандар пайдаланатын жаттықтыру амал-тәсілдері диапазонының көбеюіне бағытталды [4].

Тақырыптың өзектілігі. Халықаралық арена-ларда бәсекелестіктің үнемі артуы, жарыс ережелерінің спорттық күрес түрлерінің қызықшылығын арттыруға арналған бағыттама-сы, Олимпиадалық ойындардың, Әлем, құрылық (басым көпшілікте Еуропа, Азия) чемпионаттарының беделінің ұдайы өсуі жоғары класты палуандардың дайындығын ынталандырады, жаттықтыру үдерісінің одан да тиімді амал-тәсілдері мен әдістерін іздеуге күш салғызады [5, 180-255 б.б.].

Заманауи спортта жоғары жетістіктерге жету, көбінесе, спорттық жаттықтырудың амал-тәсілдері мен әдістерін ұтымды пайдалануға байланысты екені дене шынықтыру және спорт саласында қызмет етіп жүрген кез келген мамандарға белгілі [6, 74-129 б.б.]. Отырықшы өмір сүріп дағдыланып қалған көптеген адамдар

үшін іш бұлшық еттерін, жауырын арасында орналасқан бұлшық еттерін (трапециятекес және ромбтекес), арқа бұлшық еттерін (арқаныңтік бұлшық еттері) нығайту керек. Күшті дамыту бірін-бірі өзара байланыстырған сүйектердің, сіңірлердің, сүйекке байланысқан бұлшық еттердің нығаюына әкеледі. Сүйек тығыздығы артады (ондағы кальций құрамы көбейеді), өз кезегінде, бұл сүйектің сынуын, сынық жарақатын алуын төмендетеді. Сондықтан, білім алушылардың күш қабілеттіліктерін дамыту әдістемесі бойынша қозғалып отырған бұл тақырып қазіргі кезеңде өзінің өзектілігін әлі де жоғалтқан жоқ және ол оның одан әрі дамуын талап етеді.

Көптеген ғалымдардың денсаулығында кемістігі бар тұлғалардың ғана емес, барлық адамдардың да дене мәдениетін жетілдіру жолдарын іздеуі әрқашан да қызығушылық тудырады. Қазіргі кезде, қоғам дамуының заманауи шарттарында білім беру мекемелеріндегі білім алушылардың дәстүрлі түрдегі дене тәрбиесі жүйесінің мазмұндық сызбасы мен ұйымдастыруынан, өскелең ұрпақтың денсаулығын сақтау және нығайту міндеттерін тиімді түрде шешетін, осы үдерістің инновациялық педагогикалық технологияларына ауыстыру қажеттілігі пайда болды [7]. Спорттық практикадағы қимыл-қозғалыс әрекеттерінің жетекші элементтерін күрделендіру спортшылар дайындығын жетілдірудің әдістемелік негіздерінің тереңдетілген түрде негізделуін, техникалық шеберліктің сапалы түрдегі одан да жоғары деңгейіне өтуге мүмкіндік беретін қимыл-қозғалыс міндеттерін шешудің жаңа амал-тәсілдерін анықтауды қажет етеді.

Спорттық күрестің әр түрлеріндегі палуандардың техникалық шеберлігі жайлы мәселелер туралы дене шынықтыру және спорт саласындағы оқу және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерде кеңінен көңіл аударылады [8, 25-61 б.б.]. Спортшының техникалық-тактикалық қимыл-әрекет деңгейі, ең алдымен, оның белдесу кезіндегі нәтижесін анықтайды. Бұнымен қоса, жарыстық іс-қызмет барысында едәуір көрсеткіштерге жету үшін, бүгінгі күні барынша маңызды деңгейге жеткен жаттықтыру жүктемесінің жалпы көлемімен байланысты болмақ. Бүгінгі таңда, бұл спорт саласындағы жетекші мамандарды жаттықтыру жүктемесінің көлемін көбейтпей, спортшыларды даярлаудың барынша оңтайландырылған жолдарын іздестіруге мәжбүрлейді. Жоғары білікті палуандарды даярлаудың ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуі, ең алдымен, неғұрлым әсерлі тиімді техникалық-тактикалық қимыл-әрекеттерді таң-

дауды және оның одан әрі жетілдіруін қажет етеді. Бұл спорттық практикада техникалық-тактикалық қимыл-әрекеттердің құрамы мен құрылымының нәтижелілігінің тез өзгеруімен байланысты [9, 23-46 б.б.].

Зерттеу әдістері мен оны ұйымдастыру. Грек-рим және еркін күрес палуандарының техникалық даярлығының заманауи әдістемесінде спортшылардың қимыл-қозғалыс шеберлігін жетілдірудің уақыт өткен сайын күрделілене беретін өзекті мәселелері заңды түрде көтеріле беруде. Алайда, басқа спорт түрлері сияқты, мұнда да, нәтижесінде, спортшылардың шеберлік деңгейін анықтайтын өзіндік сипатты арнайылығы бар. Палуандардың техникалық даярлығының неғұрлым түрдегі арнайы өзекті түйткілдерге қарсыластың белсенді түрде қарсыласуы арқылы белдесулерді өте жиі өткізу жағдайларында, спортшының арнайы төзімділігі мен жылдамдық-күш қасиеттерінің амал-тәсілдерін, әдістерін оңтайландыру және жетілдіру міндеттерін жатқызуға болады.

Аталмыш әдістер кешені көптеген мамандардың еңбектерінде нәтижелі дамуда және кезінде кеңестік дәуірде дене шынықтыру және спорт саласына сіңірген еңбегі мол ресейлік В.А. Булкин жасақтаған [10, 4-35 б.б.] кешенді бақылау технологиялары бағыттамасында іске асырылуда.

Әрбір спорт түрі және әрбір жарыстарда қамтамасыз етуі мен іске асыруына ықпал ететін факторларға талдау жасау үшін, спорттық нәтиже тәуелді болатын жарыстық іс-қызметтің сипаттамасын нақты анықтаудың негізінде орындалуы керек. Әрбір спорт түрінің арнайы ерекшелігі жарыстық іс-қызметтің нәтижелілігін анықтайтын жетекші элементтер мен тізбектер арқылы шартталады [11, 110-190 б.б.].

Мысалы: конькиде спринтерлік немесе жылдамдата жүгіру кезінде спорттық нәтиже сөренің әсерлі тиімділігіне, сөрелік жүгірудің жылдамдығына, қашықтықтық жылдамдықтың деңгейіне, мәре кезінде жоғары жылдамдықты ұстай алу қабілеттеріне байланысты болады. Жоғарыда аталған жылдамдықты ұстауды қамтамасыз ететін негізгі компоненттерді есепке ала отырып, келесі үдерістерді есепке алған жөн: қарапайым және күрделі реакцияның уақыты, реакция жылдамдығы, бұлшық ет күшінің импульсі, бұлшық ет қысқаруының жылдамдығы, алақатты-анаэробтық үдерістің қуаттылығы мен сыйымдылығы.

Зерттеу нәтижелері мен оны талқылау. Палуандардың арнайы күш қасиеттерін дамыту

мәселелері бойынша арнайы оқу, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді [12] талдау кезінде әртүрлі техникалық қимыл-әрекеттерді орындау барысында спортшының жылдамдық-күш даярлығының деңгейіне үлкен маңыз берілетіні анықталды. Осылайша, едәуір деңгейдегі бұлшық ет күшенулерін таңдаулы түрде көрсете алу қабілеттілігі палуандарға әдіс-тәсілдер кешенін нәтижелі орындауға, жоғары деңгейде техникалық қимыл-әрекеттерді іске асыру сенімділігін уақытылы қабылдауға мүмкіндік береді. Мұндай жағдайларда спортшыда өз күшіне деген сенімділік пайда болады, белдесулер мақсатты түрде бағытталған, шабуылдық және техникалық тұрғыда жан-жақты болады [13].

Палуанның арнайы төзімділігін жетілдіру өзінің бағыттауына сәйкес жаттықтыру жұмыстарының көлемінің өсуінде анықталады. Алайда, күш түсірудің көлемінің өсуі даярлықтың тек базалық негізін ғана қалыптастырады. Онан соң, жарыстық іс-қызмет жағдайларында орындалатын жаттығулар тәртібі бойынша, яғни, жоғары жиіліктегі жұмыстарға ұқсас жаттықтыру үдерісіне ауысу қажет. Бұл жарыстық іс-қызмет талаптары бойынша спортшы ағзасының функционалдық жетілдіруінің қатаң түрдегі сәйкестігі аса қажетті екендігін тағы да дәлелдейді. Бұндай дайындық кезінде спортшылардың арнайы жүктемелерді орындауға деген психикалық тұрақтылығы басқа жағдайларға қарағанда әжептәуір жоғары болады [14].

Жоғары нәтижеге жетудің қажетті шартына қимыл-қозғалыс дағды-машықтарының тұрақтылығы жатады. Бұған жоғарыда аталған нәтижелерді төмендететін факторлар жағдайларындағы ең қуаттысы – жарыстық іс-қызмет үдерісінде көбейіп кететін шаршауды атап көрсеткен жөн. Сондықтан, бүкіл спорттық белдесу барысында қимыл-қозғалыс дағды-машықтарының құрылымын сақтау қабілеттілігін арттыру үшін, шаршау кезінде жаттықтыру жұмыстарын көп қайтара орындауды жетілдіру қажет [15, 87-173 б.б.].

Мәрелік бар күшімен жылдамдата жүгірулер, лақтырулар, баса ұстаулар кездерінде, сонымен бірге, кезеңдер (30 сек.) мен белдесулер (ақтық сайыстарға жақындаған сайын, демалыс уақыттары қысқара береді) арасындағы қысқа мерзімді демалыстар кезінде қайта қалпына ке-

лудің аса тиімділігі үшін арнайы төзімділіктің маңызы зор.

Дене шынықтыру саласындағы білім беру-тәрбие үдерісі айналысушыларда жетекші құрамдас бөлігі болып табылатын өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру, білімін жетілдіру және өзін-өзі ұйымдастыру дағды-машықтары мен қажеттіліктерін қалыптастыратын жүйесі ретінде қарастырылады: оқу-жаттықтыру үдерісінің, медициналық-педагогикалық, тексеру, дене тәрбиесі мен өзін-өзі диагностилеу тиімділігін талдау; диагностилеу, айналысушылардың денсаулығын түзеу және дене мәдениетінің түрлерін, амалдарын, әдістерін оңтайландыру; жаңа ғылыми мәліметтер негізінде жаңа ақпараттарды қабылдауға, сауықтырудың педагогикалық технологияларын жасақтап, енгізуге бейім мамандарды даярлау.

Қорытынды. Палуанның техникалық қимыл-әрекеттерінің нәтижелілігі, сенімділігі олардың жылдамдық-күш қасиеттеріне, арнайы төзімділігінің деңгейіне байланысты болады, деп айтқан көптеген білікті мамандардың пікірлерімен келіскен абзал [16, 72-98 б.б.].

Оқу-жаттықтыру үдерісін жекелендіру жолдары палуанның арнайы дене даярлығы деңгейінің өсуі есебінен көлемі жоғары жиіліктегі жаттықтыру жүктемесі қорларының өсуі тоқтайды. Өз кезегінде, бұл арнайы-күш даярлығын объективті түрде қадағалауын қажет етеді [17, 27-63 б.б.]. Осыдан кейін, палуандардың дене даярлығы деңгейін анықтайтын арнайы тестілер кешенін жасақтау қажеттілігі пайда болады. Аталмыш жағдай дене, күш дайындықтарымен айналысқысы келетін тұлғалар үшін өзінің ағзасының құрылымын, әсіресе, оның негізгі жүйелері мен қызметтерін білу қажеттілігін растайды. Ол үшін, еш болмаса, ағзаның жастық ерекшеліктерін, оның дене жүктемелеріне деген типтік реакциясын, сүйек пен бұлшық ет құрылысы туралы жалпы ұғымдардың болуы қажет. Бақыланбаған және түзетілмеген кез келген прогрестің тиімділігі аз болады. Күш даярлығы деңгейінің өзгеруін бақылау ерекшелігін білу, осы үдерістің басты құрауышы (компоненті) болып табылады. Күш қабілеттіліктерін дамытатын дене жаттығуларының мазмұны мен орындау техникасын, оларды қолдану технологиясын жақсы білу керек.

Әдебиеттер

- 1 Лешин Е.В., Латышев С.В. Параметры и факторы совершенствования подготовки борцов вольного стиля//Актуальні проблеми фіз. виховання і спорту учнівської та студентської молоді: Матеріали рас. науково-методичної конференції. – Д., 1999. – С. 40-42.
- 2 Курьсь В.Н. Основы силовой подготовки юношей/ В.Н. Курьсь. – М.: Советский спорт, 2004. – 264 с.
- 3 Воротынецев А.И. Гири. Спорт сильных и здоровых/ А.И. Воротынецев. – М.: Советский спорт, 2002. – 272 с.
- 4 Ананченко К.В. Основные направления совершенствования технической подготовки борцов дзюдо высокого класса// Слобож. науково-спортивний вісник. – Харків: ХДАФК, 2003. – 6 – С. 74-76.
- 5 Сейсенбеков Е.К. Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі: оқулық. – Астана: ЕҰУ баспасы, 2011. – 431 б., ISBN 9965-31-425-X
- 6 Келлер В.С., Платонов В.Н. Теор.-мет. аспекты подготовки спортсменов. – Львов, 1993. – 270 с.
- 7 Сейсенбеков Е.К. Күш мүмкіншіліктерінің даму деңгейін жоғарылататын атлетикалық гимнастика арқылы білім алушы жастардың дене тәрбиесін үдерісін жетілдіру // ҚазҰУ Хабаршысы, «Педагогикалық ғылымдар» сериясы – №2 (45). – 2015. – 130-135 б.
- 8 Латышев С.В. Борьба в партере. Науч.-мет. основы совершенствования специальной силовой подготовки в партере борцов вольного стиля: Метод. рекоменд. – Донецк. гос. университет экономики и торговли им. М. Туган-Барановского, 2003. – 60 с.
- 9 Методы исследования в спорте: учебное пособие (под общей редакцией В.П. Филина, А.С. Ровного). – Харьков: Основа, 1992. – 149 с.
- 10 Булкин В.А. Пед. диагностика как фактор управления двиг. деят. спортсменов: Автореф. дист. докт. пед. наук: 13.00.04. – М., 1987. – 45 с.
- 11 Сейсенбеков Е.К. Спорт теориясы мен әдістемесі: оқулық. – Астана: Нұрлы бейне баспасы, 2013. – 331 б. ISBN 9965-31-491-8
- 12 Чочарай З.Ю., Латышев С.В., Езан В.Г. Физ. подготовленность и успешность такт.-техн. действий в партере борцов.// Педагогіка, психологія та медико-біологічні проблеми фіз. вихов. і спорту: Зб. наук. пр./за ред. С.С. Ермакова. – Х., 2001. – №11. – С. 36-40.
- 13 Южно Ю.А., Чочарай З.Ю., Крутов В.В. Надежность выполнения технических действий и уровень развития силовых качеств в спортивной борьбе// Материалы международной научно-практической конференции “Фізич. культура, спорт та здоров’я нації”, - Винница, 1994.- С. 460-462.
- 14 Камаев О.И., Тропин Ю.Н. Роль специальной силовой подготовке в борьбе // Материалы VIII международной научной конференции Проблемы и перспективы развития спортивных игр и единоборств в ВУЗах / Белгород-Харьков-Красноярск. 2012. – С. 73-76
- 15 Платонов В.М.// Фіз. підг. спортсмена: Навч. посібник./ В.М. Платонов, М.М.Булатова – К. – Олім. л-ра, 1995. – 320 с.
- 16 Техн.-такт. характеристики поединка в спорт. единоборствах/ [Под редакцией А.Ф. Шарикова и О.Б. Малкова]. – М.: Физкультура и спорт, 2007. – 224 с.
- 17 Стула В.А., Алабин В.Г., Никитушкин В.Г. Контроль в спорте. – Харьков: Основа, 1995. – 105 с.

**Испамбетова Г.А., Алимханов Е.А., Еланцев А.Б.,
Маутенбаев А.А., Сабырбекова Л.А.**

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ АЛУШЫ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ СТУДЕНТТЕРДІҢ ДЕНЕ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫ ДАЙЫНДЫҚТАРЫНЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУЫ

Испамбетова Гульдана Аяпбергеновна, Алимханов Елемес Алимханович,
Еланцев Александр Борисович, Маутенбаев Асқар Амиржанович,
Сабырбекова Лаура Асқарбековна

Инклюзивті білім алушы мүмкіндігі шектеулі студенттердің дене және функционалды дайындықтарының салыстырмалы талдауы

Аңдатпа. Мақалада авторлар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де білім алатын мүмкіндігі шектеулі студенттерінің дене және функционалды дайындықтарына сауалнамалар және тестілік сынақтар алу арқылы талдаулар жасайды. Зерттеудің мақсаты, студенттердің денсаулық жағдайын салыстырмалы түрде анықтау арқылы дене шынықтыру сабағын тиімді ұйымдастыру жолдарын анықтауға бағытталған. Сонымен қатар, дене тәрбиесі арқылы ерекше қажеттілікке мұқтаж студенттердің жоғары білім алулары барысында қоғамдық ортамен әлеуметтік қарым-қатынастарын дамытуға жол ашу, мамандық алу барысында бәсекеге қабілетті, жақсы дене дайындығы бар азамат болып шығуларына үлес қосу болып табылады. Алынған деректер инклюзивті білім алушы жоғары оқу орнының студенттері арасында дене шынықтыру сабақтарын тиімді ұйымдастыру әрбір мүмкіндігі шектеулі студенттің жеке мүгедектігін және дене қабілеттері мен функционалды дайындықтарының ерекшеліктерін ескеру қажет екендігін негіздейді.

Түйін сөздер: ЖОО студенттері, мүмкіндігі шектеулі студенттер, дене дайындығы, көрсеткіштер, ұйымдастыру.

Ispambetova Gul'dana, Alimkhanov Yelemes, Elancev Aleksandr, Mautenbaev Askar,
Sabyrbekova Laura

Comparative analysis of the physical and functional training of students with disabilities in inclusive education

Abstract. In the article, the authors analyze the functional and physical conditions of students with disabilities of the first year of al-Farabi Kazakh National University using survey and analysis methods. The aim of the research is to identify ways to effectively organize physical education classes by analyzing the dynamics of changes in the health conditions of students with disabilities. Along with this, by doing physical activity and sports, get a higher education in the chosen specialty, develop a social relationship with society and eventually become a competitive citizen with good physical preparation. The findings suggest that the effective organization of physical education classes, among university students in inclusive education, requires special consideration for the physical and functional training of each student.

Key words: university students, students with disabilities, physical training, indicator, organization.

Испамбетова Гульдана Аяпбергеновна, Алимханов Елемес Алимханович, Еланцев Александр Борисович, Маутенбаев Асқар Амиржанович, Сабырбекова Лаура Асқарбековна

Сравнительный анализ физической и функциональной подготовки студентов с ограниченными возможностями развития в инклюзивном образовании

Аннотация. В статье авторы анализируют функциональную и физическую подготовленность студентов с ограниченными возможностями развития обучающихся на первом курсе в КазНУ имени аль-Фараби, используя методы опроса и анализа. Цель исследования направлена на выявление путей эффективной организации занятий по физической культуре с помощью анализа динамики изменений в состоянии здоровья студентов с ограниченными возможностями развития. Наряду с этим, занимаясь физической культурой и спортом, получить высшее образование по выбранной специальности, развивать социальное отношение с обществом и в итоге стать конкурентоспособным гражданином с хорошей физической подготовкой. Полученные данные свидетельствуют о том, что эффективная организация занятий по физическому воспитанию, среди студентов вуза по инклюзивному образованию требует, особого учета физической и функциональной подготовленности каждого обучающегося.

Ключевые слова: студенты вуза, студенты с ограниченными возможностями развития, физическая подготовленность, показатели, организация.

Кіріспе. Жоғары оқу орнында оқитын студенттердің білім алу ақпаратын қабылдауы мен өңдеу көлемінің өсуі, олардың сабақ барысында ұзақ уақыт қозғалыссыз отыруына әкеліп, қимыл-қозғалыс деңгейінің төмендеуіне, ал ол өз кезегінде студенттің денсаулық жағдайының нашарлауына апаратын негізгі себептің бірі болып отыр.

Жоғары оқу орындары арасында инклюзиялық түрде білім алушы мүмкіндігі шектеулі студенттердің мүгедектік аурулары мен әртүрлі дене дайындығының болуы, олар үшін дене шынықтыру сабағын тиімді өткізу үшін арнайы әдістемелік түрлерін қолдануды қажет етеді. Сондықтан мүмкіндігі шектеулі студенттер үшін дене шынықтыру сабақтарын олардың организмінің функционалдық көрсеткіштері мәліметіне сәйкес құру талап етіледі.

Студенттің дене дамуын тексеру кезінде дененің жұмыс қабілеттілігін анықтайтын морфофункционалдық көрсеткіштерін кешенді салыстырмалы түрде анықтау қажеттігі туындайды.

Барлық адамдар үшін дене жаттығуымен шұғылдану артериалды қан қысымын, жүрек соғу жиілігін төмендетіп, бұлшықет жұмысын арттырып, сүйектерді қатайтып, өкпе көлемін ұлғайтып, шыдамдылықты арттырып, салауатты өмір салтын ұстану сезімін жоғарылату, жетілдіру сияқты артықшылықтары бар екендігін тәжірибе көрсетіп отыр.

Жоғары оқу орындарында инклюзиялық түрде оқитын мүмкіндігі шектеулі студенттердің оқу барысындағы қимыл-қозғалыс тапшылығының орын алуы олардың денсаулықтарына қосымша зиянын тигізеді, мысалы бүйрек жұмысының жетіспеушілігі, семіздік, остеохондроз т.б. Сондықтан дене белсенділігінің жақсы болуы денсаулықты сақтауда өте маңызды орын алады.

Зерттеу нысаны және әдісі. Зерттеуге әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде білім алатын 2016-2017 оқу жылында оқуға түскен жалпы саны 16 адамнан тұратын мүмкіндігі шектеулі студенттер қатыстырылды. Студенттердің функционалдық және дене дайындығын зерттеу университеттің базасы «Диагностикалық орталығы» мен дене шынықтыру кафедрасында жүргізілді. Қатысқан студенттің 11-і қыздар, ал 5-уі ұлдар. Зерттеуге қатысқан студенттердің ішінде 5 - қимыл-қозғалысы зақымданған, 5 – соматикалық (әртүрлі) ауру түрлері бар және 6 көру мүшесі зақымданған студенттер болды.

Зерттеу жұмысы төрт кезеңнен тұрды: бірінші кезеңде университет бойынша мүгедек студенттерге бағытталған ұйымдастыру жұмыстары анықталды.

Алдымен университет аумағындағы «кедергісіз орта» жағдайы зерттелді. Келесі жұмыс барлық факультетте білім алатын мүмкіндігі шектеулі студенттердің жалпы саны мен мүгедектік түрлерін анықтаудан тұрды. Сонымен қатар, бірінші кезеңде студенттермен кездесулер мен конференциялар өткізілді. Кездесу барысында студенттердің жеке ойлары мен ұсыныстарын анықтау мақсатында сауалнамалар жүргізілді. Студенттерге сауалнаманың екі түрі берілді, оның бірі дене шынықтыруға деген көзқарасын сипаттаса [1], екіншісі «кедергісіз орта» жағдайын анықтайтын сауалнамадан тұрды [2]. Кездесу кезіндегі студенттердің жеке ұсыныстары ескерілді. Сондай-ақ, қарастырылып отырған зерттеу тақырыбының мәселесі бойынша ғылыми әдебиеттер қарастырылып, отандық және шетелдегі инклюзивті дене шынықтыру саласындағы ғылыми зерттеу жұмыстары зерттелді. Екінші кезеңде студенттердің бастапқы функционалдық жағдайын анықтау жұмыстары жүргізілді. Студенттердің функционалдық жағдайы түрлі сынақтар арқылы зерттелді. Үшінші кезеңде әрбір студенттің жеке мүмкіншіліктері мен дене дайындығы ескеріле отырып, оларға жаттығу жиынтығы берілді. Ал төртінші кезеңде мүмкіндігі шектеулі студенттердің денсаулық жағдайын салыстыратын отандық стандарттар болмағандықтан студенттерден алынған бастапқы нәтижелерінен кейінгі көрсеткіштерін салыстыру мақсатында сол сынақтар екінші рет жүргізілді. Алынған зерттеу жұмыстары қорытындыланды, нәтижесі шығарылды.

Зерттеу мақсаты. Жоғары оқу орындарында білім алатын мүмкіндігі шектеулі студенттерді дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарымен қамтамасыз ету және болжау үшін дене дайындығы мен функционалдық дайындық деңгейлерін анықтау.

Зерттеу міндеттері:

Мүмкіндігі шектеулі студенттердің бастапқы дене дайындығының функционалдық жағдайын анықтау.

Дене шынықтыру сабақтарында жаттығу жүктемелерін орындағаннан кейінгі студенттердің дене дайындығын, функционалдық жағдайын салыстыру арқылы әрбір студенттің мүгедектік түріне қарай жаттығу кешенін құрастыру.


Зерттеу әдістері. Зерттеу әдістеріне кең қолданыстағы функционалдық сынақтар: антропометриялық көрсеткіштер, қалыпты жағдайдағы ЖСЖ, артериалдық қан қысымын өлшеу,

дене белсенділігін анықтайтын халықаралық (IPAQ) сауалнамасы [3], дене шынықтыруға деген көзқарасын анықтайтын жеке сауалнама қолданылды. Р.М. Баевский әдісі бойынша бейімделу әлеуетін анықтау [4], білезік күшін анықтайтын динамометрия әдісі, “iHealth” электронды құралымен қандағы оттегі мөлшерін анықтау, Кетле әдісі бойынша дене салмағының массасы есептелінді [5]. Дене жүктемесі ретінде 12 минуттық жүру мен 30 секундта отырып-тұру жаттығулары қолданылды.

Зерттеу нәтижелері. Зерттеуге қатысқан университет студенттерінің денсаулық жағдайы екі кезеңде зерттелінді. Екі кезеңде де тыныштық күйдегі және жүктемеден кейінгі жағдайы зерттелді.

Студенттердің жүрек-қан тамыр жүйесінің көрсеткіші арқылы дене дайындығы анықталды. Алынған зерттеу нәтижелері төмендегі суреттерде берілген.

Сауалнаманың нәтижесі төмендегі сурет 1-гі көрсеткіштерге ие болды.




1-сурет – Студенттердің дене белсенділігінің сандық қатынасы

1-сурет бойынша келесі қорытындыға келеміз: бастапқы көрсеткіште зерттеуге мүмкіндігі шектеулі студенттердің 16-сы қатысып, нәтижесі келесідей көрсеткіштерге ие болды:

- 3 студентте дене шынықтырумен белсенді шұғылданады;
- 6 адамда дене белсенділігі жеткіліксіз деңгейде;
- 7 студент гиподинамиялық жағдайда екені анықталды.

Ал соңғы көрсеткіште зерттеуге қатысқан 11 студенттің нәтижесі (қалған 5 студент әртүрлі себеппен зерттеуге қатыса алмады) келесідей мәнге ие болды:

- 4 студентте дене шынықтырумен белсенді шұғылданады;
- 3 адамда дене белсенділігі жеткіліксіз дәрежеде;
- 4 студентте қозғалыс деңгейі төмен гиподинамия жағдайында.



2-сурет – Қыздар мен ұлдардың қалыпты жағдайдағы жүрек соғу жиілігі

Өткізілген халықаралық сауалнаманың нәтижесі гиподинамия жағдайындағы студенттер

санының бастапқы көрсеткіштегі зерттеумен салыстырғанда азайғаны, ал жеткіліксіз дене


белсенділігі мен белсенді дене шұғылданумен айналысатын студенттердің қатарында алдыңғы зерттеумен салыстырғанда аз ғана өзгеріс болғанын көруге болады. Бұл студенттердің әлі де болса денсаулықтарына көңіл бөліп, жаттығу жүктемесін орындау керек екендігін көрсетеді.

Адамның жүрек соғу жиілігі оның жасына, жынысына, дене дайындығына, стресс деңгейіне, эмоционалдық жағдайына, дене температурасына, аштық сезіміне және қоршаған ортаның ауасына байланысты. Ұлдар мен қыздардың тыныштық күйдегі ЖСЖ көрсеткіштері 2-суретте берілген.

2-сурет қорытындысы бойынша мүмкіндігі шектеулі қыздардың алынған тыныштық күйдегі жүрек соғу жиілігінің көрсеткіші қалыпты жағдайдың (60-80 минутына соғу) жоғарғы шекарасынан 5,8%-ға артқаны, ал соңғы зерттеуде бұл көрсеткіш 2,9%-ға ие болды, яғни 2,3%-ға төмендегені анықталды. Бұл көр-

сеткіш сонда да қалыпты деңгейдің жоғарғы шекарасынан асып тұр. Ал ұлдардың бастапқы кезеңдегі қалыпты жағдайдағы ЖСЖ қалыптыдан аз (1,7%-ға) жоғарылағаны байқалса, екінші кезеңде көрсеткіш 5,6%-ға төмендеп, қалыпты деңгейді көрсеткені анықталды. Бұдан екі кезеңдегі зерттеудің салыстырмалы нәтижесінің 3,9%-ға жақсарғанын көруге болады. Жаттығуды орындағанның әсерінен студенттердің ЖСЖ-не жақсы әсер етіп, оң нәтиже бар деп есептейміз. Жаттығулардың организмге жағымды әсер берген себебінен екінші жылы алынған қыздар мен ұлдардың қалыпты жағдайдағы ЖСЖ бастапқы жылмен салыстырғанда жақсы өзгерістер көрсетті.


Студенттердің денсаулық жағдайын салыстыру үшін оларға 12 минуттық жүру жүктемесін беру арқылы ЖСЖ көрсеткішін анықтадық. Қыздар мен ұлдардың тыныштық күйдегі және жүктемеден кейінгі ЖСЖ салыстырмалы нәтижесі 3, 4-суреттерде көрсетілген.



3-сурет – Қыздардың қалыпты және жүктемеден кейінгі жүрек соғу жиілігі (ЖСЖ)

3-сурет қорытындысы бойынша екі жылдағы тыныштық күйдегі қыздардың ЖСЖ көрсеткіші норманың жоғарғы шекарасынан асады. Ал 12 минуттық жүру жүктемесінен кейінгі алынған көрсеткіш екі жылда әртүрлі нәтиже берді. Бастапқы кезеңде алынған ЖСЖ көрсеткіші 130 соғ/мин

болғаны бұл жастағы студент қыздардың организмне шамадан тыс жүктеме екенін көрсетеді. Ал белгілі мерзімнен кейінгі орындалған жаттығудың әсерінен екінші жылда алынған ЖСЖ 109 соғ/мин көрсеткені олардың жүректерінің жаттығу жүктемесіне бейімделуімен сипатталады.



4-сурет – Ұлдардың қалыпты және жүктемеден кейінгі жүрек соғу жиілігі (ЖСЖ)

4-сурет қорытындысы ұлдардың тыныштық күйдегі ЖСЖ бастапқы кезеңде нормадан 1,7%-ға жоғары екені анықталса, соңғы кезеңде қалыпты күйді көрсетті. Жүктемеден кейінгі ЖСЖ бастапқы зерттеуде әлдеқайда айқын байқалған, яғни бастапқы қалыптан 5,2%-ға көтерілген. Бұл жүрек-қан тамыр жүйесінің жаттығу жүктемесіне дайын емес екендігімен сипатталады.

Белгілі уақыт аралығында жаттығу жиынтығын орындағаннан кейінгі екінші жылғы көрсеткіште жақсы нәтижелер берді. Тыныштық күйдегі ЖСЖ қалыпты жағдайда (77 соғ/мин) болса, жүктемеден кейінгі көрсеткіш те оң нәтиже (100

соғ/мин) берді. Бұл жүректің бөлігі болып келетін тік салалы бұлшық еттің күшті дамуымен айқындалады. Өйткені кешенді жаттығу жиынтығы дененің тек жоғарғы және төменгі бөлігіне әсер етіп қоймай, жүрек-қан тамыр жүйесінің жұмысына да жағымды әсер етеді. Бұл жүрек қызметінің жаттығу жүктемесіне бейімделгенімен сипатталады.

Адамның дене салмағының қалыпты немесе артық салмақ (семіздік) екенін анықтау мақсатында Кетле әдісі бойынша дене массасының индексі есептелінді. Қыздар мен ұлдардың екі кезеңдегі дене массасының индекс көрсеткіштері 5-суретте берілген.




5-сурет – Дене массасының индексі

5-сурет бойынша студенттердің дене салмағының нәтижесі әртүрлі көрсеткіштерге ие болды. Бастапқы кезеңде алынған зерттеу нәтижесінде 7 студентте (43,8%) артық салмақты көрсеткен. Ал 4 студентте (25%) салмақтың жетіспеушілігі байқалды. Зерттеуге қатысқан 5 студентте (31,2%) салмақтары қалыпты көрсеткішті берді. Дене массасының индексі студенттер организміндегі гормондарға, генетикасына, жасына, бұлшық еттің салмағы мен тамақтануына ғана байланысты емес, сонымен қатар, дене жаттығуларының да тікелей әсері бар екенін дәлелдейді. Оны екінші кезеңдегі 8 студенттің салмақтары қалыпты көрсеткішімен, яғни оң нәтиже бергенінен көреміз. Бұл көрсеткіштер студенттерге жаттығу жүктемесі берілгеннен кейінгі нәтиже болып табылады.

Жүрек-қан тамыр жүйесінің қызметін анықтайтын негізгі көрсеткіштің бірі – артериалдық қан қысымы. Жағымсыз эмоциялар мен жүйкенің шаршауы, шамадан тыс сұйықтықты пайдалану, шамадан тыс организмнің күштенуі сияқты жағдайлардан басқа әртүрлі факторлар артериалдық қысымға кері әсер етеді. Студенттердің екі уақытта алынған қан қысымы нәтижелері төмендегі 6, 7-суреттерде берілген.


Жүрек-қан тамыр жүйесінің қызметін анықтайтын негізгі көрсеткіштің бірі – артериалдық қан қысымы. Жағымсыз эмоциялар мен жүйкенің шаршауы, шамадан тыс сұйықтықты пайдалану, шамадан тыс организмнің күштенуі сияқты жағдайлардан басқа әртүрлі факторлар артериалдық қысымға кері әсер етеді. Студенттердің екі уақытта алынған қан қысымы нәтижелері төмендегі 6, 7-суреттерде берілген.



6-сурет – Қыздардың артериалдық қан қысымы

6-сурет қорытындысынан қыздардың екі уақыттағы көрсеткіштері қан қысымының қалыпты жағдайдан төмен екендігін көреміз. Жаттығу жүктемесінің қан қысымына

үлкен әсер етпегенін байқауға болады, соңғы көрсеткіште систолдық және диастолдық қан қысымында да үлкен өзгерістер байқалмайды.



7-сурет – Ұлдардың артериалдық қан қысымы

7-сурет бойынша ұлдардың қан қысымы бірінші уақыттағы көрсеткіші қалыпты жағдайдың жоғарғы шекарасынан асатыны байқалды. Екі кезеңде алынған қан қысымының нәтижесінде аса өзгеріс байқалған жоқ. Екі кезеңдегі қан қысымының көрсеткіштері қалыпты жағдайда.

Қандағы гемоглабиннің оттегімен қанығуын анықтау арнайы “iHealth” электронды құралымен өлшенді. Берілген құрал организмнің дене жүктемелеріне деген төзімділігін бағалау үшін қолданылды. Қыздар мен ұлдардың бұл көрсеткіштері 8, 9-суреттерде берілді.



8-сурет – Қыздардың қандағы оттегі мөлшерінің көрсеткіші

8-суреттің қорытындысы қыздардың бірінші кезеңдегі нәтижесі 55%-ы қалыпты жағдайда болса, 46% қалыпты жағдайдан төмен нәтижені көрсетті. Екінші зерттеуде қыздардың қандағы оттегінің көрсеткіші жақсы нәтиже беріп (86%), жоғары көрсеткішке жетті.

Ұлдардың 9-сурет бойынша қандағы оттегі мөлшерінің нәтижесі бірінші кезеңде қалыпты жағдай көрсеткішінен 40%-ға төмен болды, ал қалыптыдан төмен жағдай 20%-ға асып отырғаны анықталды. Соңғы көрсеткіштегі зерттеу жұмысының нәтижесі қалыпты жағдайда 75%-ды, яғни жақсы көрсеткіш-


ке өскенін көруге болады. Бұл студенттердің жаттығу жұмыстарын орындауларының тыныс алу жүйесіне жақсы әсер етуімен сипатталады.

